



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Инвестициялар
арқылы даму

Жылдық есеп

2016

«ҚазАгроҚаржы» АҚ





ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Инвестициялар
арқылы даму

Жылдық есеп

2016

«ҚазАгроҚаржы» АҚ

«Жатва» ШҚ жобасынан фотосурет
(Қарағанды облысы)

Мазмұны

ҚЫСҚАША ШОЛУ

Есеп туралы	04
Қоғам бейіні	04
2016 жылғы оқиғалар күнтізбесі	06

БАСШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі	08
Басқарма Төрағасының алғы сөзі	10

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ҚазАгроҚаржының бизнес моделі	17
10 бәсекелестік артықшылықтары	18
Қоғамның даму тарихы	19
Қоғамның даму стратегиясы	20

2. ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ азық-түлік желісі	26
Арнайы бағдарламалары	28
Лизинг беру процесі	30
Біз үшін клиенттердің пікірі маңызды!	32

3. НАРЫҚҚА ШОЛУ

Аграрлық саланың талдауы	38
Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар паркінің жай-күйі	38
Лизинг нарығы	40
PEST-талдау	42
SWOT-талдау	43

4. ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚазАгроҚаржының 2016 жылы жеткен 10 жетістігі	48
Операциялық қызмет нәтижелері	49
Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдық	50
Облыстар бойынша а/ш техникасын сатып алу картасы	51
Инвестициялық жобаларды іске асыру	52

Іске асырылған жобалардың географиясы	54
Инвестициялық жобаларды іске асыру қорытындысы 2009-2016 жж. ...	56
Стратегияны іске асыру	60
Қаржылық-экономикалық нәтижелері	62
5. ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	64
6. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	70
Ұйымдық құрылымы	74
Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру	76
Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану	77
Жалғыз акционер	78
Директорлар кеңесі	80
Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет	88
Ішкі аудит жөніндегі комитет	90
Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитет	92
Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің жұмысы	94
Қызметті бағалау және Директорлар кеңесінің сыйақысы	96
Басқарма	98
Басқарма жұмысы	104
2016 жылы қабылданған негізгі шешімдер	105
Басқарма сыйақысы	105
Ішкі бақылау жүйесі	106
Ішкі аудит қызметі	108
Акционерлік капитал құрылымы	110
Дивидендтер	110
7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	112
8. ТҰРАҚТЫ ДАМУ	120
Кадр саясаты және әлеуметтік саясат	124
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	125
Ақпараттық қауіпсіздік саясаты	125
Қоршаған ортаны қорғау	126
Демеушілік және қайырымдылық	126
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	128
ҚОСЫМША АҚПАРАТ	
Глоссарий	135
Байланыс ақпараты	136
Қоғамның филиалдары	137

Қысқаша шолу

Есеп туралы

Құрметті оқырман, Сіздің қолыңыздағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі туралы кезекті жылдық есеп. Біз Сіздің назарыңызға атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты қуана ұсынуға, 2016 жылы жеткен табыстар мен қызықты фактілермен бөлісуге әзірміз.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ жылдық есептерді 2004 жылдан бері шығарып келеді. Мұның алдындағы есеп 2015 жылдың тамыз айында Қазақстан қор биржасының сайтында және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында – www.kaf.kz жарияланған болатын.

Аталмыш есепте қызметі туралы елеулі фактілер, Қоғамның барлық мүдделі тараптары үшін нәтижелері мен жетістіктеріне шолу берілген. Ақпарат 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең бойынша ұсынылған.

Қоғамның 2016 жылғы қаржылық есептілігін 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тәуелсіз аудитор «Эрнст энд Янг» ЖШС дайындаған.

2016 жылғы жылдық есептің тақырыбы «Инвестиция арқылы даму». Осы тақырыпты аша отырып, біз тұтас еліміздің аграрлық секторын тұрақты дамыту үшін, сондай-ақ әрбір қазақстандық жанұяның игілігі үшін қол жеткізген жетістіктеріміз жөнінде айтып бергіміз келеді.

Қоғам бейіні

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 70% артық үлесі бар қазақстандық лизинг нарығындағы көшбасшы болып табылады және аграрлық секторда кредиттік және лизингтік қызметті тиімді түрде қосарлап атқаратын бірегей компания болып табылады. Қазақстанға әкелінген бүкіл ауыл шаруашылығы техникаларының жартысынан көбі «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржылай қолдауының арқасында әкелінген, сондай-ақ біз бүкіл Қазақстан бойынша ірі аграрлық инвестжобаларды іске асырудың негізгі операторы болып табыламыз.

Бүгінгі таңда кредиттеу мен лизинг нарығындағы көп жылдық тәжірибесінің, дамыған филиалдық желісінің және орасан зор кадрлық әлеуетінің арқасында, ҚазАгроҚаржы агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік бағдарламаларды сапалы да жедел іске асыруға мүмкіндік беретін сауатты түрде жасалып шығарылған және жинақталған тұғырнамалы қуатты құзыретке ие.


«Ақмола-Феникс» ЖШС жобасынан фотосурет
(Ақмола облысы)



2016 жылғы оқиғалар күнтізбесі




«AgriTek/FarmTek – 2016» халықаралық мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмесіне 11-ші рет қатысылды



Көктемгі-егіс жұмыстарын жүргізу үшін техника сатып алуға фермерлерді қаржыландыру жоспарының орындалу деңгейі 168% құрады



- Беларусь Республикасында өндірілген техникаларды сатып алу кезінде қазақстандық фермерлерге пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау бойынша Беларусь Республикасының Үкіметімен шарт жасасылды (толық ақпарат 29 бетте)
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына жаңа тәуелсіз директор Машабаев Азат Еркінұлы сайланды. Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың құрамы 50% құрады
- «Жаңа экономикалық шындық: әртараптандыру, инновация және білім экономикасы» тақырыбындағы жыл сайынғы өтетін халықаралық Астана экономикалық форумына кезекті түрде қатысылды
- Кейін лизингке табыстау үшін 115 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін 7 жыл мерзімге 716 млн. рубль беру туралы РОСЭКСИМ-БАНК АҚ-мен кредиттік келісімге қол қойылды




- Ауыл шаруашылығы техникасының жеткізілімін қаржыландыру мақсатында Еуразиялық даму банкісінен 1,8 млрд. Ресей рублі тартылды
- 22 млрд. теңге немесе 3 млрд. Ресей рублі сомасына «Сбербанк» АҚ ЕБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды



- Ауыл шаруашылығы техникасының жеткізілімін қаржыландыру мақсатында Еуразиялық даму банкісінен 1,5 млрд. Ресей рублі тартылды
- Маусымаралық жұмыстарды жүргізу үшін техника сатып алуға фермерлерді қаржыландыру жоспарының орындалу деңгейі 122% құрады



- «Комбайновый завод «Ростсельмаш» ЖШҚ ауыл шаруашылығы техникасының жеткізілімі бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру шеңберінде «Российский экспортный центр» АҚ-мен стратегиялық ынтымақтас-тық туралы келісімге қол қойылды
- Кейін лизингке табыстау үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 5 жыл мерзімге 8 млн. евро сомасына BOT Lease Co., Ltd компани-ясымен кредиттік келісімге қол қойылды
- Инвесторлардың кең ауқымы арасында 5 жыл мерзімге 8 млрд. теңге көлеміндегі облигацияларды ойдағыдай орналастыру



1,8 млрд. Ресей рублі сомасына қарыз тарту туралы «Ситибанк» КБ АҚ-мен (Ресей) екі жақты кредиттік келісімге қол қойылды



- RAEX өткізген VI жылдық есептер конкурсының қортындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ есептердің жалпы рейтингінде 22-ші орынға, қаржы компанияларының арасында 6-шы орынға және «Дизайн және полиграфия» номинациясында 3-ші орынға ие болды.
- Жыл қортындысы бойынша Қазақстанның бүкіл аумақтарында жалпы сомасы 36,1 млрд. теңге сомасына 54 инвестициялық жоба пайдалануға берілді (толық ақпарат 52 бетте)



Егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру жоспарының орындалу деңгейі 144% құрады

Басшылықтың алғы сөзі

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі

Құрметті Клиенттер мен Серіктестер!

Елбасы өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында одан әрі дамудың маңызды басымдықтарының бірі еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту деп айқындаған. АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жаңа Мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттердің қатарында техникалық жабдықталу деңгейін арттыру міндеті белгіленген.

Осыған байланысты, лизингке жоғары технологиялы ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды ұсынатын аграрлық сектордағы жетекші компания ретінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ рөлі арта түсуде.

«Жаңа шындық» жағдайына бейімделе отырып, Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды жетілдірумен, клиенттер үшін жаңа ұсынымдар енгізумен, бизнес-процестерді оңтайландырумен, сондай-ақ көрсететін қызметтерінің сапасын жақсартумен үнемі шұғылданып отырады.

Қазіргі экономикалық жағдайды ескере келіп, өткен жылдың тамыз айында Компанияның түзету енгізілген Даму стратегиясы қабылданған болатын, онда нарық жағдайында меншікті активтерді одан әрі тиімді басқаруға нысаналанған «Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік индексі», «Адами капитал индексі», «NPL деңгейі» және «Корпоративтік басқару деңгейі» деп аталатын жаңа қызметтің түйінді көрсеткіштері енгізілген болатын.

2016 жылдың қортындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ жиынтық табысы 2014 және 2015 жылдармен салыстырғанда, 38,7% және сәйкесінше 12,5%-ға өсіп, 27 млрд. теңгеден асып түсті. Бұл ретте таза табысы 3,2 млрд. теңге құрады.

Есепті кезеңдегі Компания қызметінің табысты қортындысы қолданылған стратегия тиімділігін, белгіленген басымдықтардың маңыздылығын растайды және одан әрі тұрақты дами түсетініне сенуге мүмкіндік береді.

ҚазАгроҚаржының одан әрі дами түсетініне және алдымызға қойылған міндеттерді орындауға қажетті барлық ресурстарының барына сенімдімін!

**Құрметпен,
Айгүл Мұхамдиева
«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы**



**Айгүл
Мұхамәдиева**

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Басқарма Төрағасының алғы сөзі

Құрметті достар және әріптестер!

Мен Сіздердің назарларыңызға «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылдағы атқарған жұмыс нәтижелерін ұсынуға, біздің жетістіктеріміз туралы әңгімелеп беруге және одан әрі даму жоспарларымызбен бөлісуге қуаныштымын.

Өткен жыл ауыл шаруашылығындағы басты проблемалардың бірі – машина-трактор паркін жаңарту проблемасын шешуге нысаналанған біздің даму моделіміздің тұрақтылығын тағы да бір растап берді.

Дүние жүзіндегі жаңа макроэкономикалық жағдайларға қарамастан, алдымызға қойылған стратегиялық міндеттерді сеніммен орындадық және Қоғамның серпінді дамуын әрі Елбасымыз қойған міндеттердің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ете отырып, оң көрсеткіштерге жеттік.

Нәтижесінде, есепті кезеңде біз жалпы сомасы 36,1 млрд. теңгеге 54 инвестжобаны пайдалануға бердік, 55,8 млрд. теңге сомасына 3 119 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алдық. Бұл ретте қазақстандық өндіріс техникасының үлесі 28% құрады. Біздің алдағы жұмысымыз да отандық аграршыларды қолдауға бағытталатын болады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Компания лизингтік қызметін толығымен меншікті және тартылған қаражаттары есебінен жүзеге асыратынын да атап өткен жөн. Осылайша, жыл қор-

тындысы бойынша, біз 56 млрд. теңгеден аса сомаға қаражатты қарыз және облигация шығару түрінде тарттық.

2016 жылдың соңында инвесторлардың кең ауқымы үшін 8 млрд. теңге сомасына және 5 жыл айналыс мерзімімен ішкі нарықтық облигацияларды бастапқы орналастыру болып өтті. Бұл мәміле белгілі де беделді халықаралық «ЕМЕА Finance» журналының «Еуропадағы, Таяу және Орта Шығыстағы әрі Африкадағы ұлттық валютадағы ең үздік облигациялар шығарылымы» санатындағы жеңімпаз болды, бұл біздің таңдап алған бағытымыздың дұрыстығын тағы да бір растап берді.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және жаңа клиенттерді тарту мақсатында, біз бизнес-процестерді оңтайландыру, өтінімдерді қарау мерзімдері мен құжаттар пакетін қысқарту, техника мен жабдықтың лизингі бойынша арнайы бағдарламалардың тізбесін ұлғайту бойынша жұмыстарды одар әрі жалғастыратын боламыз.

Біздің 2016 жылы жеткен табыстарымыз Үкімет пен «ҚазАгро» холдингі тарапынан жасалған қолдаудың арқасында, біздің серіктестеріміз бен клиенттеріміз білдірген сенімнің арқасында, сондай-ақ бүкіл ұжымның кәсіби және үйлесімді жұмысының арқасында мүмкін болды.

Барлық серіктестерімізге үлкен алғысымды білдіріп, фермерлерімізге алдағы жұмыстарына табыс тілегім келеді.

**Құрметпен,
Қаныш Избастин
«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы**



**Қаныш
Избастин**

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



1.

Компания туралы

Инвестициялар
арқылы даму:

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ



ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:



36,7 мың
бірлік

ауыл шаруашылығы техникасы
сатылып алынды



Қазақстанға
**әрбір
екінші**

ауыл шаруашылығы
техникасы КАФ лизингі
арқылы әкелінген



2000 жылдан бері жыл
сайынғы ауыл шаруашылығы
техникасын сатып алу деңгейі

2 есе өсті



**Ақмола
облысының**

фермерлері ауыл шаруашылығы
техникасын КАФ лизингі арқылы
сатып алу бойынша лидер болып
табылады



Берілген техника
5 млн
га

астам егіс алаңын
қамтиды

АТАУЫ

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

ҚҰРЫЛДЫ

1999 жылғы 28 желтоқсанда «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес.



НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

Ауыл шаруашылығындағы басты проблемалардың бірі – техникалық паркті жаңарту проблемасын шешуге жәрдемдесу



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ



ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

1. лизинг қызметі
2. кредиттеу және АӨК субъектілеріне қызмет көрсету
3. АӨК дамытуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруға қатысу



ӨҢІРЛІК ЖЕЛІСІ

Қазақстанның барлық өңірлерінде 14 филиалы бар



ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ

Ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің лицензиясы




РЕЙТИНГТЕРІ


Шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтері – **BB+/ рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты»**

ҚазАгроҚаржының бизнес моделі






БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



Қызметінің ашықтық **деңгейі жоғары** және корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жұмысы тұрақты



Жалпы Қазақстандағы лизинг нарығындағы үлесі – **68%**, а/ш техникасының лизингі нарығындағы үлесі – **90% жоғары**



Тәжірибесі **17** жылдан артық және кадрлық құрамының құзыреті жоғары



Екі қаржы құралдарының – **кредит пен лизингтің** қолданылуы



Компания қазақстандық қор биржасында **10** жылдан артық уақыт листингіленеді;



Теңгемен қорландыру **үлесі жоғары**, нарықтық құралдарды қолдана отырып, қаржы қаражаттарын тартудағы тәжірибесі табысты



Банк секторымен салыстырғанда, несие қоржынының қамтамасыз етілу **деңгейі жоғары****



Дүние жүзіндегі ауыл шаруашылығы техникасының және жабдықтардың барлық жетекші жеткізушілерімен жұмыс **тәжірибесі үлкен**



Кредиттік рейтинг **деңгейі жоғары**



Несие қоржынына қатысты жалпы әкімшілік шығыстардың үлесі төмен – банк секторы бойынша орташа деңгейден **3 есе төмен****

*RAEX рейтингтік агенттігінің деректері бойынша **«Делойт ТСФ» ЖШС талдау деректері бойынша

Қоғамның даму тарихы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДА ЖҰМЫС АТҚАРҒАН ЖЫЛДАР ІШІНДЕ БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДА ЖЕТКІЛІКТІ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАДЫҚ. «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ТАРИХЫНАН АНАҒҰРЛЫМ ЖАРҚЫН ТАРИХИ СӘТТЕР МЕН АТАУЛЫ КҮНДЕРДІ СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.

2007

Тауарлы-сүт фермалары үшін асыл тұқымды малдардың лизингін енгізу

2009

Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырудың старт алған жылы

2011

Қоғам «ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту» серпілісті бағдарламасының қатысушысы болды

2015

Қоғамның корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді және алғаш рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

1999

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «ҚазАгро-Қаржы» АҚ құрылымын құру туралы қаулысы.

2000

Шетелдік ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша алғашқы тәжірибе.

2003-2005

Алғашқы машина-трактор станцияларын құру. Қоғамның ауқымды «Ауыл жылы» мемлекеттік бағдарламасына белсенді қатысуы.

2006

«ҚазАгроҚаржы» жаңадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына кірді

2008

Алғаш рет Fitch (BBB-) халықаралық кредиттік рейтингі берілген.

2010

Қазақстанда Эксперт РА лизинг нарығын алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығындағы көшбасшы деп танылды.

2013

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың «Агробизнес 2020» бағдарламасын орындау шеңберінде жобалардың іске асырыла басталуы. ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды

2016

ҚазАгроҚаржы инвесторлардың кең ауқымы үшін алғаш рет 8 млрд. теңге сомасына және 5 жыл айналыс мерзіммен ішкі нарықтық облигацияларды орналастырды

Қоғамның даму стратегиясы

Қоғамның Даму стратегиясында келесі мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда көрсетілген мақсаттар мен міндеттер ескерілген: Елбасының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы, «ҚазАгро» холдингінің 2011-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

Қоғамның стратегиясы оның 2020 жылға дейінгі кезеңге миссиясын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен даму міндеттерін, қызметінің түйінді көрсеткіштерін айқындайды.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ миссиясы ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін қолжетімді қаржы қаражаттарымен, сондай-ақ лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникаларымен және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту болып табылады.

Қоғамның 2020 жылға қарайғы пайымдауы – қолжетімді қаржы қызметтерін көрсету арқылы және бизнесті жүргізудің жоғары стандарттары мен сенімділігі негізінде аграрлық секторды техникалық және технологиялық жаңарту бойынша лизингтік қызметті жүзеге асыру арқылы республиканың аграрлық секторын дамытуға қолдау жасау мақсатында, меншікті активтердің тиімді басқарылуын қамтамасыз ететін Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі негізгі қаржы-инвестициялық ұйым. Қоғам дүние жүзілік жетекші өндірушілердің толық өндірістік циклді бар тех-

ҚОҒАМ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МЫНАДАЙ БЕС СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ БАР

ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ



СН1

«ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ МЕН ӘРТАРАПТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ АӨК-гі ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ӨСІРУГЕ ҮЙТІАЛАНДЫРУ»

1 мақсат: Жоғары технологиялы жобаларды қаржыландыру есебінен еңбек өнімділігін өсіру

СН2

ЕЛІМІЗДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСУ

1 мақсат: Ішкі азық-түлік нарықтарын отандық ауыл шаруашылығы өнімдерімен және олардан қайта өңделген өнімдермен молықтыру

СН3

АӨК ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУТҮҒА ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

1 мақсат: АӨК экспорттық әлеуетін дамыту

СН4

АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

1 мақсат: АӨК қолжетімді қаржылық, өндірістік инфрақұрылымын дамыту

СН5

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ

1 мақсат: Қоғам активтерін басқару тиімділігін арттыру

2 мақсат: Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін өсіру

3 мақсат: Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету

нологиялық жабдықтарымен жарақтандыру үшін жаңа жоғары технологиялы өндірістерді іске асыруды қаржыландырады.

Мемлекеттің ақша-кредит саясаты шарттарының өзгеруіне және Қоғамдағы корпоративтік басқаруды жетілдіру қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ қызмет нәтижелерін дәлме-дәл бағалауға байланысты, 2016 жылы Даму стратегиясының жаңа қызметтің түйінді көрсеткіштері енгізілген және қолданыстағылары жандандырылған болатын.

Осылайша, Қоғам «Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік индексі» деп аталатын жаңа ҚТК әзірлеген болатын, бұл индекс Қоғамның қаржыландыру шарттарын бескелес-компаниялардың арасындағы орташа қалыптасқандармен салыстыру арқылы қолжетімділік деңгейін бағалауды, сондай-ақ фермерлердің Қоғамның көрсететін қызметіне қанағаттанушылығын сауалнамалау үшін тәуелсіз компанияны тартуды көздейді. Аталмыш ҚТК бағалау, кейін тиісті шаралар қолдану үшін, Қоғамға өзінің осал жақтарын анықтауға және көрсететін қызметінің сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бес индекстің – тартылу, нәтижелік, даму, персонал тұрақтылығы және HR бизнес-процестерді жетілдіру индекстерінің орташа арифметикалық мәнін білдіретін «Адами капитал индексі» деп аталатын жаңа ҚТК енгізілген. Сонымен бірге, Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы қызметін жетілдіру мақсатында, «Корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру», ал кредит және несие қоржынының сапасын бақылау мақсатында «NPL деңгейі» ҚТК енгізілген.



2.

Қызмет бағыттары

Инвестициялар арқылы даму:

ЖЫЛЫЖАЙЛАР



**ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**



42,8 Жалпы қуаты
жылына
мың тонна
көкөніс өнімі



32 млрд
теңгеге
21 жылыжай
салынды



12%
қызанақ пен қиярды жалпы
тұтыну көлеміндегі КАФ үлесі



86 га
бүкіл іске асырылған
жылыжайлардың жалпы көлемі



Маусымаралық
кезеңде күн сайын
200 тонна
көкөніс өндіріледі

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСТАПҚЫДА МАШИНА-ТРАКТОР ПАРКІН ЖАҢАРТУ МАҚСАТЫНДА ҚҰРЫЛҒАН БОЛАТЫН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІН ФЕРМЕРЛЕРГЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЛИЗИНГІ БОЙЫНША КӨРСЕТКЕН, АЛАЙДА 2009 ЖЫЛЫ ҚОҒАМ БАСЫМ БАҒЫТТАР БОЙЫНША АУЫЛДАҒЫ ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ОПЕРАТОРЫ БОЛДЫ, СОДАН СОҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ДАМУДАҒЫ НАҒЫЗ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫНА АЙНАЛДЫ.



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕЛІСІ

ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ



Монтажды қажетсінбейтін ауыл шаруашылығы, арнаулы техника



Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдау бойынша көлік құралдары



Мелиоративтік техника



Монтажды қажетсінбейтін/қажетсінбейтін арнаулы техника мен жабдық

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



Тауарлы-сүт фермалары



Репродуктор – шаруашылықтары



Мал азығы өндірісі



Етті қайта өңдеу кешендері



Құс фабрикалары (етті және жұмыртқа)



Балық фермалары



Мал бордақылау алаңдары



Жылыжайлар



Суару жүйелері



Қарқынды бақтар




Жеміс-көкөніс қоймалары



Астық қоймалары

АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

«ЭКСПРЕСС-ЛИЗИНГ»



Лизинг заты: техника құны Қоғамның меншікті капиталының **0.02 % аспауға тиісті**



Жобалардың қаралу мерзімі **5 жұмыс күнді** құрайды



Сараптама саны барынша аз: **құқықтық және кредиттік талдау**



Кредиттік талдаудың негізгі критерийі **өнім шығымдылығы бойынша** деректер болып табылады

«ШЕБЕР ЛИЗИНГ»



Лизинг заты: **азық-түлік желісіне** сәйкес, монтажды қажетсінетін жабдықтарды қоспағанда



Техника лизингісіне желі ашуға **жылына бір рет** өтінім тапсыру және қарау



Мақұлданған желі шеңберінде қаржы лизингі шарттарын жасасу туралы шұғыл шешім қабылдау



Клиенттің лимитті толық игеру бойынша **міндеттемесінің болмауы**

«ЕГІНЖАЙ»



Лизинг заты: **Қазақстанда** өндірілген комбайндар, астық кептіргіштер



Төмендетілген алғытөлем мөлшері – техника құнының **10 % бастап**



Алғытөлемді техника алынғаннан кейін және егін жиналғаннан кейін, бірақ ағымдағы жылдың **15 қарашасынан кешікпей** төлеу мүмкіндігі




Өтінім мен құжаттар пакетін қарау бойынша **стандартты процедура**

«БЕЛАРУСТА ЖАСАЛҒАН»



Лизинг заты: **Беларусь Республикасында** өндірілген ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар



Қоғамда техника бойынша ағымдағы мөлшерлеменің **7,33%** Беларусь Республикасымен өтеледі



Өтінім мен құжаттар пакетін қарау бойынша **стандартты процедура**



Мемлекеттен субсидия алу мүмкіндігі сақталады

ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Лизингтік бағдарламаны таңдап алғаннан кейін, клиент қаржыландыру алу үшін және өтінім тапсыру үшін қажетті құжаттар пакетін жинастырады.

Жеткізуші мен лизинг затын Қарыз алушы өтінім бергенге дейін өз бетімен таңдап алатынын атап өту маңызды, ҚазАгроҚаржы клиенттің шешіміне ешқандай жолмен әсер ете алмайды!



2. Қызмет бағыттары

Тапсырылған құжаттар пакеті белгіленген талаптарға сәйкес келу мәніне Қоғамның сараптау бөлімшелерінің мұқият тексеруінен өтеді және жоба бойынша тәуекелдерді бағалаудан өтеді.

Қоғамның ішкі талаптарына сәйкес, әр түрлі тәуекелдерді төмендету мақсатында, клиентке, лизинг затына және оның жеткізушісіне қойылатын белгілі бір талаптар бар:

КЛИЕНТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП	ЛИЗИНГ ЗАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП	ЖЕТКІЗУШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП
<ul style="list-style-type: none">• жағымды іскерлік беделі;• жағымды несие тарихы;• жоғары кәсібилік менеджменті;• ретроспективті және болжамды төлем қабілеттілігі;• пайдалы жоба және жобаны қаржыландыру мерзімімен салыстыруға келетін етелімділік мерзімі.	<ul style="list-style-type: none">• жаңа және бұрын пайдаланылмаған болуға тиісті;• белгіленген техникалық регламент талаптарына сай келуге;• Қазақстан аумағына жеткізілуге;• сапа сертификатымен бірге болуға;• техникалық құжаттама-сымен, сапа кепілдігімен бірге болуға.	<ul style="list-style-type: none">• техника өндіруге және/немесе өткізуге қажетті сертификаттары/лицензиялары болуға;• кәсіби біліктілігі және кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесі болуға;• кепілдікті және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсету;• Қоғамның алдында орындалмаған міндеттемелері болмауға;• мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және сенімсіз жеткізушілердің тізімінде есепте тұрмауға.

ЖЕТКІЗУШІЛЕР БАЗАСЫ

Клиенттердің керекті жеткізушілерді іздеуіне ыңғайлы болу үшін, 2013 жылдан бері Қоғамның WWW.KAF.KZ корпоративтік сайтына ауыл шаруашылығы техникасының, жабдықтар мен ІҚМ жеткізушілерінің автоматтандырылған базасы енгізілген.

Бұл базаға Қоғаммен жұмыс істеу тәжірибесі болуына қарамастан, кез келген жеткізуші тіркеле алады. Қазіргі уақытта аталмыш базада дүние-ежүзінің әр түрлі елдерінен 577 жеткізуші тіркелген.

Біз үшін клиенттердің пікірі маңызды!

Қызмет атқарып келе жатқан жылдары ішінде қалыптасқан Қоғам командасы өзінің жұмысын, біріншіден, қаржыландыру алу бойынша процедураларды оңайлату үшін компанияның бизнес-процестерін үнемі

жетілдіре отырып, клиенттердің сұранысына сүйеніп түзеді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ жыл сайынғы негізде Қоғамның көрсететін қызметіне қанағаттанушылық деңгейін бағалау мәніне клиенттердің арасында сауалнама жүргізеді. Зерттеулер бүкіл Қазақстан бойынша клиенттерді сауалнамалау арқылы, кездейсоқ таңдау әдісімен жүзеге асырылады.

Сауалнама соңында көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту бойынша респонденттерге өз ұсыныстарын беру мүмкіндігі беріледі. «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттердің тілектеріне ден қою үшін барынша мүмкін күш-жігерін салады.

Клиенттердің 2015–2016 жж. тілектері	«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 ж. қолданған шаралары
 <p>қарау процедурасын оңайлату және құжаттар тізбесін азайту</p>	<p>шешім қабылдау сатысында Қарыз алушымен ұсынылатын ең аз құжаттар пакеті қысқартылды – 9 құжатқа дейін. Қазіргі кезде – бұл банк заңнамасының талаптарына сәйкес ең аз құжаттар пакеті.</p>
 <p>пайыздық мөлшерлемені төмендету</p>	<p>2016 жылы жасалған барлық лизинг шарттары бойынша мөлшерлеменің төмендеуін бірге қосқанда, пайыздық мөлшерлеме 19%-дан 17,3%-ға дейін төмендетілді.</p>
 <p>өтінімді қарау мерзімін жеделдету</p>	<p>бұрын 18 жұмыс күнін құраған лизинг бойынша өтінімдерді қарау мерзімі 8 жұмыс күніне қысқартылды</p>

Егер бұрын бұл бағалау жұмысы Қоғамның күшімен жүзеге асырылған болса, енді біздің көрсететін қызметіміздің сапасын неғұрлым әділ бағалау үшін, Қоғамның Директорлар кеңесі бағалауды тәуелсіз компанияның жүргізуі туралы шешім қабылдады. Мыналар негізгі критерийлері болып табылады: көрсетілетін қызметтің қолжетімділік деңгейі, мамандардың кәсіпқойлығы, клиенттермен қарым-қатынаста этикалық нормаларды сақтау, жобаларды

қарау/шарт жасау уақтылығы және кеңес беру сапасы.

2016 жылдың қортындысы бойынша тәуелсіз ұйым бүкіл Қазақстан бойынша 500 астам ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің арасында сауалнама жүргізді, олардың арасында 70% – Қоғам клиенттері, 30% – Қоғамға өтініш жасаған, бірақ бір себептермен қаржыландыру алмағандар. Бағалау нәтижелері бойынша қанағаттанушылық деңгейі 88,8 % құрады.

«Аманкелді» ЖШС жобасынан фотосурет
(ОҚО)





3.

Нарыққа шолу

Инвестициялар
арқылы даму:

ТАУАРЛЫ-СҮТ ФЕРМАЛАРЫ



» **ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**



Жалпы қуаты жылына
146,2 мың тонна
сүт пен сүт өнімдері



Күн сайын
400 пакет сүт



41 млрд теңгеге
37 сүт фермасы
пайдалануға берілді



26,7 мың бас
– **20%**
асыл тұқымды ІҚМ
еліміздегі асыл тұқымды мал басының

ӨЗ ЖҰМЫСЫМЫЗДА БІЗ ӘРДАЙЫМ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙДЫ ЕСКЕРЕМІЗ. БҰЛ БӨЛІМДЕ СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІ ҚОЮ ҮШІН, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ОДАН ӘРІ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН АЙТАРЛЫҚТАЙ МАҢЫЗДЫ ФАКТОР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АӨК САЛАСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ МЕН «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ҰСЫНЫЛҒАН.

Аграрлық саланың талдауы

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтағы және Дүниежүзілік сауда ұйымындағы мүшелігі, май, ет секторларындағы экспорттық жайғасымдарының күшеюі Қазақстан үшін АӨК мемлекеттік реттеудің жаңа саясатының әзірленуін талап етті. АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасының негізгі мақсаты

азық-түліктердің ең талап етілген түрлеріне және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін дамытуға назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту болды. Бағдарлама міндеттерінің қатарында ауыл шаруашылығы саласын техникалық жарақтандыру деңгейін арттыру міндеті белгіленген.


Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар паркінің жай-күйі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша негізгі ауыл шаруашылығы техникасы түрлерінің паркін 298,5 мың бірлік құрайды.

Оның ішінде пайдалану мерзімі 15 жылдан асатын ауыл шаруашылығы техникасының үлесі 79% құрайды (ауыл шаруашылығы техникасының орташа тозымпұлдық мерзімі 10-12 жыл болғанда).

3. Нарыққа шолу

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ БАР БОЛУЫ, БІРЛІК




Көзі: ҚР АШМ деректері

Қаралып отырған кезеңдегі ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың жыл сайынғы қарқыны 1,1%-1,7% шегінде ауытқиды

(дамыған елдердегі жаңартудың қажетті технологиялық деңгейі жылына 10-12% шамасында).

ҚАЗАҚСТАНДА А/Ш ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ САТЫЛЫП АЛЫНУЫ, БІРЛІК



Алайда, қажетті нормативтік пайдалану мерзімі ауыл шаруашылығы техникасын нақты пайдалану мерзімінен ерекшеленеді. Атап айтқанда, айналым қаражаттарының және дер кезінде жаңарту мүмкіндіктерінің

болмауына байланысты, фермерлер техниканы белгіленген нормасынан 3-10 жылға ұзағырақ пайдаланады. Сөйтіп, ауыл шаруашылығы техникасын нақты жаңарту қажеттілігі нормативтік қажеттіліктен біраз төменірек.

Лизинг нарығы

Лизинг нарығының кейбір қатысушылары өткен девальвацияның салдары лизинг нарығына 2016 жылы да әсерін тигізуде деп санауға бейім. Бұл ретте лизинг заттарының қымбаттауымен және сұраныстың төмендеуімен қоса, қарыз алушылардың төлем төлеу қабілетінің нашарлау қауіпі (статдеректерге сәйкес, 2015 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының төлем қабілеттілігінің коэффициенті 0,3, 2006 ж. – 0,4, 1995 ж. – 1,0 құрады) және соның салдарынан лизингтік қоржын сапасының төмендеу қауіпі де өсуде.

Ойыншылардың міндеттері қатарында лизингтік қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, ШОБ субъектілерінің өсіп келе


жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып қалғанын атап өткен жөн.

Қатысушылары лизинг нарығының 80% алатын RAEX зерттеуінің деректері бойынша, квазимемлекеттік сектордың компаниялары – «ҚазАгроҚаржы» АҚ (жиынтық лизингтік қоржындағы үлесі 68%) және «БРК-Лизинг» АҚ (үлесі – 29%) ҚР лизинг нарығындағы ең ірі ойыншылар болып қалуда.

Еліміздегі қаржы лизингісінің негізгі бағыты ауыл шаруашылығы техникасы мен мал сатып алу болып қалмақ, мәмілелер сомасы бойынша, жиынтық лизингтік қоржындағы олардың үлесі 50% асады.

3. Нарыққа шолу

ЖАҢА МӘМІЛЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫНДА ЛИЗИНГ ЗАТТАРЫН САТЫП АЛУ СЕРПІНІ, %



Көзі: RAEX рейтингтік агенттігінің деректері

Сонымен бірге, Қоғам тоқсан сайынғы негізде лизинг нарығына және Қазақстанның лизингтік компанияларының ресми интернет-ресурстарында орналасқан көпшілікке қолжетімді ақпараттың негізінде бәсекелі ортаның жай-күйіне өз бетінше талдау жасап отырады. Осылайша, 2016 жылдың қортындысы бойынша бүкіл лизингтік компаниялар бойынша орташа қаржыландыру мөлшерлемесі 15,4% мөлшерінде қалыптасқан, орташа қалыптасқан қаржыландыру мерзімі 4,3 жыл құраған. Өзге отандық лизингтік компанияларға қарағанда,

тек «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да ғана 2 жылға дейін негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең бар, ал лизинг мерзімі нарықтағы ең көп мерзім болып саналады (10 жылға дейін).

Сонымен қатар, «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен қаржы компанияларының дәстүрлі пайдалылық көрсеткіші бағаланған болатын. «ҚазАгроҚаржы» АҚ бойынша **таза пайыздық спред 4,1% құрады**, бұл көрсеткіш несие қоржынына қатысы бойынша жалпы әкімшілік шығыстардың төмен үлесін көрсетеді (банктік сектор бойынша орташа деңгейден 3 есе төмен).

Көрсеткіш	ҚАҚ	ЕДБ	Лизинг
Пайыздық табыс	10,1%	10,6%	6,9%
Пайыздық шығыс	4,7%	5,8%	3,9%
Пайыздық Spread	5,4%	4,8%	3,0%
Несие қоржынына қатысы бойынша ЖӨШ үлесі	1,3%	3,4%	4,0%
Таза пайыздық spread	4,1%	1,4%	
Debt/(D+E)	66,3%	88,9%	68,5%

Көзі: «Делойт ТСФ» ЖШС талдау деректері бойынша

PEST-талдау

Макроорта факторларын бағалау үшін, Қоғамның стратегиялық шешімдерін қабылдауға әсер етуі мүмкін сыртқы ортаның саяси (Political), экономикалық (Economic),

әлеуметтік (Social) және технологиялық (Technological) аспектілерін анықтауға арналған құрал ретінде, PEST – талдау келтірілген.

САЯСИ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нысаналанғандығы Қоғамның алдағы стратегиялық бағыттарын анықтау үшін басымдық болып табылады. Аталмыш фактор Қоғамның мемлекеттік инвестициялық және Қазақстан Үкіметінің осы саланы дамытуға бағытталған өзге де бағдарламаларына белсенді қатысуының шарты болып табылады.

ӘЛЕУМЕТТІК

Еліміздегі отандық ауыл шаруашылығы өндіріс көлемінің өсу перспективасы мен импорттық өнімдердің ығыстырылуы АӨК қажетті салаларын Қоғамның одан әрі қаржыландыруына оң әсерін тигізетін факторлар болып табылады. Бұл жағдайда халық санының тұрақты өсуі, халықтың дұрыс тамақтану құрылымының өзгеруі және орта есеппен жан басына шаққанда физиологиялық тұтыну нормаларының қамтамасыз етілу деңгейі ескерілетін болады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Төлеуге қабілетсіз сұраныс пен ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдық ерешелігі техниканың қайтарылу жағдайларының көбею тәуекелінің және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріндегі бос қаржы қаражаттарының жетіспеу тәуекелінің экономикалық факторлары болып табылады. Бұл жағдайда Қоғам проблемалық жобалармен белсенді сауықтыру жұмысын жүргізуге тиісті. Көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін және өтінімдерді жеделдетіп қарау үшін, Қоғам АШТӨ қолдау көрсету сұлбаларын әзірлеуге қатысатын болады.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ

АӨК саласының техникалық қайта жарақтандырылуы мен экологиялық жүктеменің өсуі сұраныс талаптарына жауап беретін инновациялық жабдықтар мен техникалардың нарығы бойынша дерекқорды жинақтау қажеттілігінің шарты болып табылады. Дамыған ақпараттық кеңістік факторы Қоғам үшін IT-технологияны үнемі дамытуды және процестерді автоматтандыру бойынша жұмысты жетілдіруді қажетті етеді.

SWOT-талдау

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

1. Агроөнеркәсіптік кешеннің лизинг саласындағы, соның ішінде ірі инвестициялық жобаларды іске асырудағы үлкен тәжірибесі;
2. Республикадағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кең клиенттік базасы;
3. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының отандық және дүние жүзілік өндірушілерімен жолға қойылған әріптестік қарым-қатынастары;
4. Активтері мен меншікті капиталының елеулі көлемі;
5. Қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін халықаралық нарықта қарыз қаражаттарын тартудағы тәжірибесі;
6. Дамыған өңірлік желісі: ең шалғай аудандардың қамтылуы;
7. Білікті кадрлық құрамы.
8. Лизингтік қоржынының жақсы сапасы (NPL ~ 10%)

ОСАЛ ЖАҚТАРЫ

1. Қауіп-қатері жоғары саладағы кредит қоржынының шоғырлануы;
2. Осы саланың ерекшелігіне байланысты өтімділігі төмен қамтамасыз етілген кепілзаттардың болуы;
3. Бизнес-процестерді автоматтандыру дәрежесінің жеткіліксіздігі.

МҮМКІНДІКТЕР

1. Мемлекеттік саясаттың аграрлық саланы қолдауға нысаналануы халықтың ауылдық бизнеске деген қызығушылығын арттырады;
2. Бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру есебінен Қоғамның көрсететін қызметінің қолжетімділігін арттыру;
3. Агробизнес қажеттіліктеріне сәйкес, көрсетілетін қаржы қызметтерінің азық-түлік желісін ұлғайту;
4. Адами капиталды басқару жүйесін жетілдіру;
5. Дүниежүзілік тәжірибені қолдану арқылы корпоративтік басқару деңгейін көтеру.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

1. Халықаралық нарықтағы қаржылық тұрақсыздық, бұл әлеуетті клиенттердің төлеу қабілеттілігінің төмендеуіне және техниканың қымбаттауына байланысты оған деген сұраныстың азаюына әсерін тигізеді;
2. 2018 жылы ХҚЕС 9 енгізу шеңберінде активтерге резервтер бойынша шығыстардың ұлғаюы.



4.

Қызмет қорытындысы

Инвестициялар
арқылы даму:

ҚАРҚЫНДЫ БАҚТАР



» **ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**

 **2,7** млрд
теңгеге
12 инвестжоба
пайдалануға берілді

Жобалардың жалпы қуаты жылына
 **18,4** мың
тонна
жеміс

Әрбір жарты жылда күніне
 **100** тонна
жеміс

 Қаржыландырылған
жобалардың жалпы
алаңы
762,5 га

10

ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ 2016 ЖЫЛЫ ЖЕТКЕН 10 ЖЕТІСТІГІ

66,7

АӨК дамытуға инвестицияланды – **66,7 млрд. теңге**

3 119

55,8 млрд. теңге сомасына **3 119 бірлік** ауыл шаруашылығы техникасы лизингке берілді

54

Бүкіл Қазақстан бойынша **54 инвестжоба** пайдалануға берілді

28%

Жалпы лизинг көлеміндегі отандық ауыл шаруашылығы техникасының үлесі **28% құрайды**

12
9

Клиенттер үшін ең аз құжаттар пакеті **12** құжаттан **9** құжатқа дейін қысқартылды

8

Лизинг бойынша өтінімдерді қарау мерзімі **8 жұмыс күніне** азайтылды

82,8%

Корпоративтік басқару деңгейі **82,8%** құрады, жоспарланғаны **73,3%**

emeafinance
ACHIEVEMENT
AWARDS 2016

«EMEA Finance» журналының деректері бойынша «Еуропадағы, Таяу және Орта Шығыстағы әрі Африкадағы ұлттық валютадағы ең үздік облигациялар шығарылымы» санатындағы жеңімпаз

88,8%

Қоғамның көрсететін қызметіне клиенттердің қанағаттанушылық индексі **88,8%** құрады

3 228,6


Таза табысы **3 228,6 млн. теңге** құрады

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕН БАСТЫ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛІГІНЕ ЖӘНЕ ТӨМЕН ТИІМДІЛІГІНЕ ҚАРАМАСТАН, БІЗ ТЕК АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ЖОБАЛАРДЫ ҒАНА ҚАРЖЫЛАНДЫРАМЫЗ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАЗАҚСТАНҒА ӘКЕЛІНГЕН ӘРБІР ЕКІНШІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУЫНЫҢ АРҚАСЫНДА САТЫЛЫП АЛЫНҒАН.

Операциялық қызмет нәтижелері

Инвестициялар

2000-2016 ЖЖ. ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ



2000-2016 ЖЖ. ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ



2000-2016 жылдар арасында «ҚазАгроҚаржы» АҚ аграрлық секторды дамытуға **577,2 млрд теңге** инвестициялады.

Қоғам аграрлық секторға инвестиция салу кезінде меншікті қаражаттарын қолданумен қатар, қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін қарыз қаражаттарын да белсене тартатынын атап өту керек.


Меншікті капиталы 31.12.16 ж. жағдайға 99,4 млрд. теңге болғанда, қарыз қаражаттарының көлемі 172,0 млрд. теңге құрады. Бұл акционер салған және АӨК қаржыландыруға жолданған әрбір 1 теңгеге Қоғам 1,73 теңге тартып, АӨК-ге инвестициялады дегенді білдіреді.

Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдық


ТЕХНИКАНЫҢ АТАУЫ	2014		2015		2016		БАРЛЫҒЫ 2000-2016	
	бірл.	сомасы	бірл.	сомасы	бірл.	сомасы	бірл.	сомасы
 егіс кешендері	130	3 247	52	1 774	56	1 266	1 153	43 284
 тракторлар	1 477	11 144	1 334	10 732	962	11 963	10 895	66 215
 комбайндар	735	21 681	594	19 200	490	24 085	9 521	172 137
 тұқым сепкіштер	56	109	103	1 501	104	2 762	1 992	7 035
 өзге техника	2 107	10 889	2 020	8 238	1 474	11 724	13 254	58 822
 жабдық	89	10 700	92	16 083	33	3 960	428	53 045
БАРЛЫҒЫ	4 594	57 770	4 195	57 530	3 119	55 760	37 173	400 538



ОБЛЫСТАР БОЙЫНША А/Ш ТЕХНИКАСЫН САТЫП АЛУ КАРТАСЫ



2016 жылы отандық ауыл шаруашылығы техникасының жалпы лизинг көлеміндегі үлесі 28% құрайды.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

2016 жылы 54 инвестициялық жоба пайдалануға берілді, соның ішінде 15 жоба Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаты есебінен, оның ішінде:

- 7 940,8 млн. теңге сомасына 7 астық қоймасы, жалпы қуаты 116,5 мың тонна;
- 5 168,1 млн. теңге сомасына 7 тауарлы-сүт фермасы, жалпы қуаты 19,7 мың тонна. Осы жобалардың шеңберінде 4 000 бас ІҚМ әкелінді;
- 2 962,8 млн. теңге сомасына 7 көкөніс қоймасы, жалпы қуаты 41,5 мың тонна;
- 953,4 млн. теңге сомасына ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 6 жоба;
- 401 га алаңға суару жүйесін құру бойынша 6 жоба, жалпы құны 490,8 млн. теңге;
- 607,2 млн. теңге сомасына 1 160 бас ІҚМ арналған 4 асыл тұқымды репродуктор;
- 151,5 га алаңға 4 қарқынды бақ, жалпы құны 827,9 млн. теңге және қуаты 5,1 мың тонна;
- 18,2 га алаңға 3 жылыжай, құны 9 001,9 млн. теңге, жалпы қуаты 9,6 мың тонна;
- 1 305,9 млн. теңге сомасына мал азығы өндірісін ұйымдастыру бойынша 3 жоба, жалпы қуаты 92,1 мың тонна;
- 1 993,3 млн. теңге сомасына 3 бордақылау алаңы, жалпы қуаты 2,2 мың тонна. Осы жобалардың шеңберінде 5 200 бас мал әкелінді;
- 2 465,3 млн. теңге сомасына 2 балық өсіретін кешен, жалпы қуаты 49 тонна;
- 637,6 млн. теңге сомасына 1 етті қайта өңдеу зауыты, жалпы қуаты 0,8 мың тонна;
- 1 719,2 млн. теңге сомасына 1 құс фабрикасы, жалпы қуаты 3,5 мың тонна.

Бағдарламаның бүкіл іске асырылу уақыты ішінде Қазақстанның барлық аумағында Қоғамның қаржылай қолдауымен жалпы сомасы

236,7

МЛРД ТЕҢГЕГЕ

435

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

пайдалануға берілді


Бұл ретте, Қоғамның қаржыландыру сомасы

172,9


МЛРД ТЕҢГЕНІ

құрады

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ



Іске асырылған жобалардың географиясы




БАРЛЫҒЫ

435

инвестжоба іске қосылған


- астық қоймасы
- құс фабрикасы
- ТСФ
- репродуктор
- көкөніс қоймасы
- жылыжайлар
- қайта өңдеу
- басқалар

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ 2009-2016 ЖЖ.



РЕПРОДУКТОР

- **32,1 млрд. теңге сомасына 99** асыл тұқымды репродуктор құрылды
- **48 403 бас** асыл тұқымды ірі қара мал әкелінді
- Негізінен ең бейімделгіш ІҚМ тұқымдары әкелінеді: **ангус** және **геррефорд** тұқымдары
- Еліміздегі жалпы асыл тұқымды мал басының **10,1%** – КАФ жобаларының үлесі



МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢДАРЫ

- **9,8 млрд. теңгеге 9** бордақылау алаңы құрылды
- **22 064 мал** орыны құрылды
- Жобалардың жалпы қуаты – жылына **7 926,2 тонна** ет



ЕТТІ ҚАЙТА ӨҢДЕУ

- **6,0 млрд. теңгеге 6** етті қайта өңдеу кешені құрылды
- Жобалардың қуаты – жылына **15 587 тонна** ет пен ет өнімдері
- Қара мал етін жалпы тұтыну көлеміндегі КАФ жобаларының үлесі – **3,7%**



СҮТ ФЕРМАЛАРЫ

- **41 млрд. теңгеге 37** сүт фермасы пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **146,2 мың тонна** сүт пен сүт өнімдері
- **26,7 мың бас** асыл тұқымды ІҚМ – еліміздегі асыл тұқымды мал басының 20%
- Күн сайын **400 пакет** сүт



ҚҰС ФАБРИКАЛАРЫ

- **35 млн. теңгеге 18 инвестициялық жоба** пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **96,3 мың тонна** құс еті және **649,8 млн. дана** жұмыртқа
- Құс етін жалпы тұтыну көлемінің **32,2%** – КАФ жобаларының үлесі
- Жалпы тұтыну көлемінің **14%** – КАФ жобаларының үлесі



МАЛ АЗЫҒЫ ӨНДІРІСІ

- **7,1 млн. теңгеге 35** инвестжоба пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **318,1 мың тонна** жемшөп
- Қаржыландырылған жобалардың арқасында құрама жемге деген қажеттілікті жабу деңгейі **12,7%** құрайды

Инвестициялар арқылы даму



ЖЫЛЫЖАЙЛАР

- **32 млрд. теңгеге 21** жылыжай салынды
- Жалпы қуаты жылына **42,8 мың тонна** көкөніс өнімі
- Бүкіл іске асырылған жылыжайлардың жалпы көлемі – **86 га**
- Маусымаралық кезеңде күн сайын **200 тонна** көкөніс өндіріледі
- Қызанақ пен қиярды жалпы тұтыну көлеміндегі КАФ үлесі – **12%**



СУАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

- **5,4 млрд. теңгеге 63** инвестжоба пайдалануға берілді
- Қаржыландырылған жобалардың жалпы алаңы – **8 638,2 га**
- Жобалардың жалпы қуаты **187,3 мың тонна** а/ш өнімдері
- жыл бойы күн сайын **514 тонна** ауыл шаруашылығы өнімдері өндіріледі



ҚАРҚЫНДЫ БАҚТАР

- **2,7 млрд. теңгеге 12** инвестжоба пайдалануға берілді
- Жобалардың жалпы қуаты жылына **18,4 мың тонна** жеміс
- Қаржыландырылған жобалардың жалпы алаңы **762,5 га**
- Әрбір жарты жылда күніне **100 тонна** жеміс



КӨКӨНІС ҚОЙМАСЫ

- **16,5 млн. теңгеге 43** инвестжоба пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **171,8 мың тонна** көкөніс дақылы
- Елімізде қосымша **998 жұмыс** орыны құрылды
- Картопты жалпы тұтыну көлеміндегі қаржыландырылған жобалардың үлесі – **6,4 %**



АСТЫҚ ҚОЙМАСЫ

- **22,0 млрд. теңгеге 28** инвестжоба пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **580,5 мың тонна** астық сақтау
- Еліміздегі астық қоймасына деген қажеттіліктің **20%** дерлігі жабылды




БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

- **4,7 млрд. теңгеге 6** инвестжоба пайдалануға берілді
- Жалпы қуаты жылына **406,5 тонна** балық өнімі
- Күніне **1 тоннадан** артық балық өндіріледі

Асыл тұқымды ІҚМ жеткізілімі

ӘКЕЛІНГЕН АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ІҚМ САНЫ

бас мал



— етті
— сүтті

2011-2016 жж. **47 596** бас ірі қара мал әкелінді, о.і. сүт бағытындағы – **7 837**, ет бағытындағы – **39 759** бас мал.

Аграршыларды басқа да қолдау шаралары

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі кезінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде, 2016 жылдың қортындысы бойынша, 27,2 млрд. теңге негізгі борыш қалдығының сомасына 2 991 бірлік техника сатып алу бойынша 1761 шарт мақұлданды. Бұл шара субсидияланатын ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың жалпы көлемінен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үлесі бойынша 30,8%-ға қол жеткізу қажет болатын Даму стратегиясының түйінді қызмет көрсеткіштерінің бірін 100,6%-ға орындауға мүмкіндік берді (толық ақпарат 60 бетте).

Халықаралық ынтымақтастық

2016 жылы Қоғам әлемнің 23 әр түрлі елдерінің өндірушілерінен/жеткізушілерінен сатылып алынған 3 мың бірліктен астам ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды лизингке берді. Есепті жылдың қортындысы бойынша, негізгі серіктес-елдер Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Германия, Нидерланды болды.

Ресейдің өндірушілерінен/жеткізушілерінен 2016 жыл ішінде небары 738 бірлік техника мен жабдық және 600 бас ІҚМ сатылып алынды. Беларусь Республикасының өндірушілерінен/жеткізушілерінен 444 бірлік техника мен жабдық, неміс компанияларынан – 247 бірлік техника мен жабдық және 600 бас ІҚМ, голланд компанияларынан – 15 бірлік техника мен жабдық сатылып алынды.

«Архарлы-Майбүрек» ЖШС жобасынан фотосурет (Алматы облысы)



Стратегияны іске асыру

2016 жылдың қорытындысы бойынша стратегиялық ҚТК жету туралы есеп

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылғы Даму стратегиясын орындау жөніндегі есеп Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 6 отырысында қабылданды. 2016 жылы он сегіз қызмет-

тің түйінді көрсеткіштерінің ішінен 14 көрсеткіш 100 және одан да жоғары пайызға орындалды, бірқатар негізделген себептер бойынша 4 көрсеткішке толық көлемде қол жеткізілмеді.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ҚТК атауы	2016 (жоспар)	2016 (нақты)	Жоспардың орындалуы, %
Субсидияланатын ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың жалпы көлемінен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үлесі, %	30,8	31,0	100,6
Импортты алмастыру мен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инвестициялық бағыттарды іске асыру бойынша жоспарды орындау, %	100,0	118,8	118,9
АӨК экспорттық әлеуетінің дамуын қамтамасыз ететін инвестициялық бағыттарды іске асыру бойынша жоспарды орындау, %	100	85,8%	85,8
Қоғаммен қаржыландырылған жобалардың шеңберінде кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі, мың тонна	3 300,0	3 184,0	96,5
Іске асырылған жобалардың жалпы көлемінде инновациялық өндірістердің үлесі, %	38	84,6	222,7
Қоғам ресурстары есебінен құрылған астық сақтау қуаттарын іске қосу, жыл/мың тонна	286,0	109,5	38,3
Қоғам ресурстары есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша өндірілген ет пен ет өнімдерінің көлемі, тонна	59 486,0	59 223,1	100,0
Қоғам ресурстары есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша өндірілген сүт пен сүт өнімдерінің көлемі, тонна	76 558,0	139 204,5	181,8
Қоғам ресурстары есебінен өндірілген экспортталған өнімдердің жалпы құны, млн. теңге	7 300,0	35 845,38	491,0

«Қоғаммен қаржыландырылған жобалардың шеңберінде кәсіпорындардағы еңбек өнімділігі» көрсеткіші бойынша ауытқу, орын алған экономикалық жағдайдың нәтижесінде кейбір жобалар болжалды табыс алмағанына байланысты болды. Еңбек өнімділігі жиынтық пайда көлемінің кәсіпорындардағы негіз-

гі қызметпен айналысатын жұмыскерлердің санына қатынасы ретінде есептеледі.

«Астық сақтау қуаттарын іске қосу» және «АӨК экспорттық әлеуетінің дамуын қамтамасыз ететін инвестициялық бағыттарды іске асыру бойынша жоспарды орындау» көрсеткіштеріне қол жетпеген, бұл 2016 жылы ин-

4. Қызмет қорытындысы

вестициялық жобаларды қаржыландыруға жеңілдікті қаражаттардың бөлінбеуіне байланысты болды. Сонымен бірге, жобалардың

әлеуетті іске асырушыларынан келіп түскен қажетті өтінімдер саны Қоғамда қарауда болды.

ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚТК атауы	2016 (жоспар)	2016 (нақты)	Жоспардың орындалуы, %
Қоғамның қаржы институттарынан ақша қаражаттарын қарызға алуы бойынша жоспарды орындау, % (NEW)	100,0	295,0	295,0
ROA, %	0,08%	1,13	1 412,5
ROE, %	0,23%	3,31	1 439,1
Несие қоржыны бойынша қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) оңтайлы деңгейін ұстап тұру, %	12,0%	10,89%	110,2
NPL деңгейі (ҚТК есептеу әдісі бойынша), % (NEW)	17,3%	13,38%	129,3

ROA және ROE көрсеткіштері бойынша жоспардың айтарлықтай дәрежеде асыра орындалуы, валюталық пассивтерді тиімді төмендету (валюталық жайғасымды жақсарту) есебінен, сондай-ақ Қоғамдағы бюджетте жоспарланғаннан іс жүзінде

төменірек мөлшерлемелермен қарыз қаражаттарын тартуға байланысты сыйақы бойынша шығыстарды үнемдеу есебінен жоспарланған теріс бағамдық айырманы нивелирлеу нәтижесінде таза табыстың өсуіне байланысты.

КОРПОРАТИВТІК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚТК атауы	2016 (жоспар)	2016 (нақты)	Жоспардың орындалуы, %
Қоғамның көрсететін қызметін пайдаланушылар саны, бірл. (өспелі қорытындымен)	10 183	11 478	112,7
Қоғамның көрсететін қаржы қызметтерінің қолжетімділік және Қоғам клиенттерінің қанағаттанушылық индексі, % (NEW)	60,0	70,6	117,7
Автоматтандыру деңгейі, % (NEW)	60,0	41,0	68,3
Корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру, % (NEW)	73,3%	82,8	113,0
Адами капитал индексі, % (NEW)	70,0%	76,6	109,4
БАҚ-да Қоғам қызметі туралы ескертулер санының жыл сайынғы өсімі	20	22,2	111,0

(NEW) – бұл белгімен Қоғамның Даму стратегиясының жаңа ҚТК белгіленген

«Автоматтандыру деңгейі» ҚТК бойынша нақты көрсеткіштің жоспарланғаннан ауытқуы, Қоғамның ақпараттық технологи-

яларды дамыту стратегиясына сәйкес, автоматтандырылған бағдарламалық модульдардың толығымен енгізілмеуіне байланысты.

Қаржылық-экономикалық нәтижелері

Есепті кезеңде жалпы кіріс сомасы 27 147,6 млн. теңге құрады, жоспарланғаны – 24 860,6 млн. теңге (орындалу дәрежесі 109% деңгейінде), 2 286,9 млн. теңге сомасындағы ауытқу, негізінен, келесі факторлардың нәтижесінде қалыптасқан:

- өнімді сатудан түскен кіріс 712,6 млн. теңге құрады, өйткені есепті кезеңде қаржы лизингі шартының бұзылуына байланысты (қайтарылып алынған ауыл шаруашылығы техникасын, ИҚМ және т.б. сату жүзеге асырылған);
- пайыздық кіріс есепті кезеңде 25 312,6 млн. теңге құрады, жоспарлы көрсеткіші 24 852,8 млн. теңге (орындалу дәрежесі 102% деңгейінде);
- өзге кірістер бағамдық айырма бойынша табыс алу, лизинг алушылармен қайтарылған лизинг заттарын қайта бағалау, ұтылған пайданы өндіріп алу бойынша табыстарды көрсету, берешек пен жеткізушілерден алынған айыппұлдарды есептен шығару нәтижесінде 1 122,4 млн. теңгеге жоспардан көбірек қалыптасқан.

Жалпы шығыстардың сомасы 24 423,7 млн. теңге құрады, жоспарланғаны 24 633,8 млн. теңге, орындалу дәрежесі 99% деңгейінде, ауытқу 210,1 млн. теңге құрады.

Жоспарлы таза кіріс 226,8 млн. теңге сомасында болса, таза кіріс 3 228,6 млн. теңге құрады.

Қаржылық нәтижелерді талдау

2016 жылы Қоғамның жиынтық кірісі, 2014 және 2015 жылдармен салыстырғанда, 38,7% және, сәйкесінше 12,5%-ға ұлғайып, 27 147,6 млн. теңге құрады. Кірістер құрылымында 2016 жылы негізгі үлесті пайыздық кіріс алды – 93,2%.

2016 жылы Қоғамның шығыстары, 2014 жылмен салыстырғанда 42,6%-ға көбейіп, ал 2015 салыстырғанда 18,2%-ға азайып, 24 423,7 млн. теңге құрады. Шығыстар құрылымында 2016 жылы сыйақы (50,6 %) төлеуге және резервтер (провизиялар) (25,1%) құруға байланысты шығыстар ең көп үлес салмағын алады.

Қызмет қорытындысы бойынша 2016 жыл ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ 3 228,6 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алды.

4. Қызмет қорытындысы

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ СЕРПІНІ, МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіштер	2015 жыл	2016 жыл	2016 жыл, 2015 жылға қатысы бойынша %
Кіріс	24 132,5	27 147,6	112,5%
Шығыс	29 854,9	24 423,7	81,8%
КТС	-145,7	-504,8	346,5%
Таза кіріс	-5 576,7	3 228,6	-57,9%

Қаржы коэффиценттері

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайыздық маржа 5,18%-дан 5,23%-ға дейін өсті. Пайыздық спред есепті кезеңде, керісінше, серпіннің 3,19%-дан 3,07%-ға дейін төмендегенін көрсетеді. Активтер рентабельділігінің көрсеткіші мен меншікті капиталдың көрсеткіші жақсарды, есепті кезеңде Компанияның таза пайда алуы нәтижесінде 1,13% дейін және, сәйкесінше 3,31% дейін көбейгенін көрсетті. Капиталдың өсуі жиынтық активтердің өсуінен асып түсуіне байланысты, капиталдың жеткіліктілігі жыл ішінде 0,33%-дан 0,35% дейін шамалы өзгерді. Есепті кезеңде міндеттемелердің қысқаруы салдарынан ағымдағы өтімділік коэффициентінің ұлғайғаны байқалады, өйткені көрсеткіш нормативтік деңгейден жоғары тұр. Абсолюттік өтімділік коэффициенті нормадан жоғары тұр, міндеттемелердің қысқаруы салдарынан мерзімді өтімділік көрсеткіші де нормативке сәйкес келеді.

Ernst&Young дайындаған тексерілген қаржылық есептілік осы есептің 8-ші бөлімінде орналасқан, осы бөлімнен 2016 жылдың қортындысы бойынша Қоғамның қаржы нәтижелерімен егжей-тегжейлі таныса аласыз.

Қоғамның ағымдағы қаржылық жағдайы оның төлем қабілеттілігі мен облигация иелерінің алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкіндігі жөнінде куәландырады, бұл ретте кейін АҚШ долларына қатысы бойынша теңге бағамының әлсіреуі салдарынан қаржылық жағдайының нашарлау қауіпі бар.

Пайда мен залал туралы есеп

2016 жылы Қоғам 2015 жылдың қорытындысы бойынша 5 576,7 млн. теңге мөлшеріндегі залалға қарсы қойғанда, 3 228,6 млн. теңге көлемінде таза табыс алды. Табыс алудың негізгі факторына себепкер болған шығыстардың 5 431,2 млн. теңгеге немесе 18,2%-ға төмендеуі. Төмендеуі негізінен бағамдық айырма есебінен қалыптасқан. Егер 2015 жылы ұлттық валютаның құнсыздануы салдарынан шығыс 10 489,4 млн. теңге құраса, онда 2016 жылы 290,8 млн. теңге мөлшерінде бағамдық айырма бойынша табыс алынды.



5.

Даму перспективалары

Инвестициялар
арқылы даму:

АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ



» **ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**



22 млрд
теңгеге
28 инвестжоба
пайдалануға берілді



Жалпы қуаты жылына
580,5 мың тонна
астық сақтау



Еліміздегі астық қоймасына
деген қажеттіліктің
20%
дерлігі жабылды

Даму перспективалары

Бүгінгі таңда «ҚазАгроҚаржы» АҚ республиканың агроөнеркәсіптік секторын дамытуға қомақты үлес қоса отырып, фермерлерге қолдау көрсететін жетекші қаржы ұйымы болып табылады.

Ақпан айында қабылданған АӨК 2021 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығы саласының техникалық жарақтануын арттыруға бағытталған. ҚазАгроҚаржыны құрудың бастапқы мақсаты, фермерлерді қазіргі заман жаңа ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету болған, қазіргі уақытта барлық күшті осы қызмет түрін одан әрі дамытуға жұмсау қажеттілігі туындап отыр.

«Агробизнес-2020» салалық бағдарламасының тәмамдалуы ҚазАгроҚаржы үшін инвестициялық бағыттарды қаржыландыру көлемінің төмендеуін көздейді. Аталмыш бағдарлама іске асырылған уақыт ішінде ҚазАгроҚаржы бүкіл Қазақстан бойынша көптеген агрокәсіпорындардың қалыптасуына үлкен үлес қосты, бүгінгі күнде ел халқы біздің қатысуымызбен қаржыландырылған немесе іске асырылған жобаларда өндірілген

өнімдерді сүйсіне пайдаланады. Бұл алдымызға қойылған мақсаттарға жетудегі ҚазАгроҚаржының жетістігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда аграрлық сектордағы орын алған қажеттіліктерге, сондай-ақ АӨК дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты, Қоғам өзінің қызметін тек ауыл шаруашылығы техникасының лизингісіне ғана шоғырландыруды жоспарлап отыр. Осылайша, **2017 жылы ҚазАгроҚаржы еліміздің машина-трактор паркін жаңартуға 35,3 млрд. теңге**, оның ішінде көктемгі-егіс жұмыстарына – 11,6 млрд. теңге, маусымаралық техника сатып алуға – 1,7 млрд. теңге, егін жинау жұмыстарына – 22 млрд. теңге жұмсауды жоспарлап отыр.

Аграрлық сектордағы қалыптасқан көпжылдық тәжірибе, жөнге салынған процестер, қалыптастырылған кадрлық құрамы мен әлемнің түпкір-түпкірінен контрагенттер базасы Қоғамға мемлекет тарапынан жеңілдікті қорландырусыз, нарыққа бәсекелі лизингтік өнімдер шығаруға мүмкіндік береді. Осылай, 2016 жыл ҚазАгроҚаржының тікелей қарыздар, экспорттық

ҚазАгроҚаржының орталық аппаратынан фотосурет



5. Даму перспективалары

қаржыландыру, борыштық бағалы қағаздар шығару сияқты нарықтық құралдарды пайдалана отырып, қаржы қаражаттарын ойдағыдай тарта алатынын көрсетті. Мысалға, 2016 жылы Қоғам алғаш рет ұлттық валюта – теңгемен облигациялар шығарылымын жүзеге асырды. **2017 жылы Қоғам 30,0 млрд. теңге шамасында қаржы тартуды жоспарлап отыр.**

Мемлекеттің акционерлік капиталдағы жүзпайыздық қатысуы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на жоғары кредит өтеу қабілетін сақтауға мүмкіндік беретінін ұмытпау керек, дегенмен, тіпті жеке меншік секторға көшкен жағдайда, активтердің дұрыс басқарылуы мен сенімді стратегиялық жоспарлардың құрылуы Қоғамға өзінің бәсекелестік артықшылықтарын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Біз барған сайын «даму институты» деген ұғымнан алшақтап барамыз және көрсетілетін лизингтік қызмет нарығындағы бәсекеге қабілетті әрі инвестициялық-тартымды ойыншылар болуға тырысудамыз. **Қоғам клиентке бағдарланған өнімдер құру бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отыр, бұл үшін 2017 жылдың өзінде жаңа өнімдер мен арнайы қаржыландыру бағдарламалары іске қосыла бастайды.** Сонымен бірге, клиенттер үшін өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартуға,

өтінім тапсыру процедураларын оңайлатуға, өтінімдердің жылжу барысының ашықтығын арттыруға бағытталған бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша жұмыстар жетілдірілетін болады. Басқа сөзбен айтқанда, біз әрбір фермердің техниканы лизингке бірнеше күн ішінде алуға мүмкіндігі болғанын және бұл ретте, тиісті техникалық қызметтің көрсетілу мүмкіндігі болғанын қалаймыз. Осылайша, 2017 жылы көрсетілетін қызметтің қолжетімділік деңгейін 5 %-ға көтеру жоспарланып отыр.

Аталған мақсаттарға жету бойынша кейбір негіздер ендігі іске асырыла бастаған, мысалға, 2017 жылы Қоғам жобаларды әкімшілендіру, клиенттер мен лизинг заттарын мониторингтеу, провизиялар есептеу бөлігінде көптеген процестерді автоматтандыруда.

Жоғарыда аталған барлық мақсаттар мен міндеттерді «ҚазАгроҚаржы» АҚ ендігі әзірленіп жатқан өзінің 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетпек. Жаңа стратегиясында Қоғам инвестициялық тартымдылығын арттыруға, лизингтік қызмет сапасын үнемі жақсартып отыруға және тұтынушылық сұранысты барынша қанағаттандыратын жаңа лизингтік өнімдер құруға, сондай-ақ корпоративтік басқаруды одан әрі дамытуға бағдар алуды жоспарлап отыр.

«Ертіс Агро» ӘКК жобасынан фотосурет (Павлодар облысы)



6.

Корпоративтік басқару



Инвестициялар
арқылы даму:

СУАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

«Амиран» Қазақ тағамтану академиясының
зауыты» ЖШС жобасынан фотосурет
(Алматы облысы)



**ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**



5,4 млрд
теңгеге
63 инвестжоба
пайдалануға берілді



Жобалардың жалпы қуаты
187,3 мың
тонна
а/ш
өнімдері



Жыл бойы күн сайын
514 тонна
ауыл шаруашылығы
өнімдері өндіріледі




8 638,2 га
қаржыландырылған
жобалардың жалпы
алаңы

БІЗДІҢ ҚОҒАМЫМЫЗ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫН ҮНЕМІ ЖАҚСARTУ МЕН ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ АУДАРАДЫ, ОНЫ ТИІМДІЛІК ПЕН БӘСЕКЕГЕ ЖАРАМДЫЛЫҚТЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ БЕЙҚАРЖЫЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ ДЕП САНАЙДЫ.


Қоғам қызметінің басқарылуы мен бақылануын қамтамасыз ететін, оның органдарының арасындағы қатынастарды қамтитын процестердің жиынтығы «ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару жүйесінің негізі болып табылады.

Корпоративтік басқарудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сүйене отырып, ҚазАгроҚаржыда тәуелсіз директорлар институттары, ішкі аудит қызметі белсене жұмыс істейді, Қоғамның Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылған, корпоративтік хатшының жұмысы жөнге салынған.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



2015 жылдың желтоқсанында Қоғамда түзетілген Корпоративтік басқару кодексі бекітілген.



Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

2015 жылы Қоғамның Жалғыз акционері – «ҚазАгро» холдингі еншілес акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару деңгейін бағалау әдістемесін бекітті. Компаниялар тобында корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесінің енгізілуі кезең-кезеңмен жүзеге асырылатынын ескере келсек, қолданыстағы әдістеме, біріншіден, корпоративтік басқару жүйесін құруға бағытталған және дүниежүзілік стандарттармен салыстырғанда, анағұрлым оңайлатылған әдістеме болып табылады. 2017 жылы Холдинг еншілес компанияларда корпоративтік басқару тиімділігін бағалауға нысаналанған жаңа әдістемені бекітуді жоспарлап отыр.


2015 жылы жүргізілген диагностиканың нәтижелері бойынша, «ҚазАгроҚаржы» АҚ

корпоративтік басқару деңгейі «ТӨМЕН» ретінде бағаланған және 58,3 % құраған.

Корпоративтік басқару деңгейін жақсарту мақсатында, Қоғам 2016-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар әзірледі, сондай-ақ түзетілген даму стратегиясына «Корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру, %» деп аталатын жаңа қызметтің түйінді көрсеткішін енгізді.

Қолданыстағы әдістемеге сәйкес Холдинг жүргізген 2016 жылғы диагностиканың қорытындысы бойынша, корпоративтік басқару деңгейі «ОРТАША» – 82,8% деңгейіне жетті. Есепті жылда аталмыш түйінді көрсеткіш бойынша стратегиялық жоспардың орындалу дәрежесі 113,0% құрады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІ, %



58,3% → **82,8%***

«ТӨМЕН»

2015 ж.

«ОРТАША»

2016 ж.

* Бағалау EA оңайлатылған әдістеме бойынша жүргізілген

Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану



Жалғыз акционер



«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционері «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы

11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.



«ҚазАгро» холдингі» АҚ



Нәтижелік, транспаренттілік және Холдинг құрылымдарын тиімді де корпоративтік басқару қағидаттарында АӨК индустриялық дамытуға ынталандыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру



ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

1

Индустрияландыру мен әртарапандыру арқылы АӨК-де еңбек өнімділігін өсіруге ынталандыру.

2

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.

3

АӨК экспорттық әлеуетін дамытуға және іске асыруға жәрдемдесу.

4

АӨК субъектілерін қолдау бойынша көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін арттыру.

5

Корпоративтік басқару сапасын және холдинг қызметінің ашықтығын арттыру.

6. Корпоративтік басқару

Жалғыз акционермен өзара әрекеттестік төменде көрсетілген құжаттармен регламенттелген айқын корпоративтік процедуралардың негізінде жүзеге асырылады:

Жарғы	<i>Жалғыз акционердің – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 18 мамырдағы №24 шешімімен бекітілген</i>	Қоғам Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері, құзыреті, оның қарауына мәселелерді шығару тәртібі, сондай-ақ оның қызметі туралы мүддесін қозғайтын ақпарат, қаржы-шаруашылық қызметі мен Қоғамның нәтижелері туралы ақпарат беру тәртібі бекітілген.
Корпоративтік басқару кодексі	<i>Жалғыз акционердің – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 шілдедегі №49 шешімімен бекітілген</i>	Корпоративтік басқару кодексінде Қоғамның Жалғыз акционермен өзара іс-әрекет жасау тәртібі, өзара байланысты процестерді басқару тәртібі, сондай-ақ Қоғамның дивидендтік саясатының негіздері қарастырылған. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін қорғау қағидаты Қоғамның негізге алынатын корпоративтік басқару қағидаты болып бекітілген.
Мерзімді есептілікті беру ережесі	<i>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы №29 шешімімен бекітілген</i>	Аталмыш Ережелерді орындау шеңберінде басқарушылық есептілік картасы бекітілген, соған сәйкес, Жалғыз акционердің тиімді шешімдерін қабылдау мақсатында және Қоғам мен Жалғыз акционердің арасында анық ақпараттық ағын құру мақсатында мерзімді негізде Қоғам қызметі туралы б1 есеп Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша есептің берілмеуі немесе берілу мерзімдерінің бұзылуы туралы Жалғыз акционердің тарапынан шағым түскен емес.
Даму жоспарын, бюджетті қалыптастыру, келісу, бекіту, түзету және мониторингтеу ережелері	<i>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі №4 шешімімен бекітілген</i>	Аталмыш ережелер тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде Стратегияның ҚТК, Қоғамның даму жоспары мен бюджетін орындау бойынша біріктірілген есептілікті беру тәртібін қамтиды. 2016 жылы 2015 жылдың қорытындысы бойынша есепті және 2016 жылдың I, II, III тоқсандары бойынша есепті қосқанда, 4 біріктірілген есеп бекітілді.

Директорлар кеңесі

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі 6 адамнан тұрған. 2016 жылғы 18 мамырда Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына үшінші тәуелсіз директорды – Машабаев Азат Еркінұлын сайлады. Тәуелсіз директорлар

Директорлар кеңесінің құрамы (1.01.2017 ж.)



**Мұхамадиева
Айгүл
Стаханқызы**

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

*ДК құрамына Жалғыз
акционер – «ҚазАгро» ҰБХ»
АҚ 17.06.2015 ж.
№37 шешімімен
тағайындалған*



**Избастин
Қаныш
Теміртайұлы**

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

*ДК құрамына Жалғыз
акционер – «ҚазАгро» ҰБХ»
АҚ 10.09.2015 ж.
№59 шешімімен
тағайындалған*



**Жауымбаев
Қанат
Сағындықұлы**

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

*ДК құрамына Жалғыз
акционер – «ҚазАгро» ҰБХ»
АҚ 17.06.2015 ж.
№37 шешімімен
тағайындалған*

6. Корпоративтік басқару

үлесінің 50 % дейін артуы Жалғыз акционердің мүддесін сақтау үшін Директорлар кеңесі құрамының теңгерімділік құрамын қамтамасыз етті, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын халықаралық тәжірибе талаптарына сәйкес келтіруге мүмкіндік берді.



Құрманов Рүстем Жомартұлы

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР-ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

ДК құрамына Жалғыз акционер - «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 17.06.2015 ж. №37 шешімімен тағайындалған



Орынбаев Ерлан Бақытұлы

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР-ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

ДК құрамына Жалғыз акционер - «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 17.06.2015 ж. №37 шешімімен тағайындалған



Машабаев Азат Еркінұлы

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР-ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

ДК құрамына Жалғыз акционер - «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 18.05.2016 ж. №24 шешімімен тағайындалған



**Мұхамадиева
Айгүл
Стаханқызы**

**«ҚАЗАГРО» ҰБХ» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ –
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ,
«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЖАЛҒЫЗ
АКЦИОНЕРІНІҢ ӨКІЛІ**

- 1976 жылғы 05 тамызда туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қос қызметтілігі және басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ

Білімі:

- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, «Математика» факультеті, Біліктілігі – мектепте математика оқытушысы;
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жоғары мектебі (магистратура), «Математика» факультеті, Біліктілігі – математика магистрі;
- Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, «Экономика және қаржы» факультеті, Біліктілігі – экономист-бухгалтер.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қараша 2014 ж. – Маусым 2015 ж. – Бизнесі дамыту жөніндегі бас директордың орынбасары, «Самұрық-Қазына» АҚ, Астана қ.;
- Маусым 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.



**Избастин
Қаныш
Теміртайұлы**

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫ – ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ**

- 1981 жылғы 20 сәуірде туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Ресейдің ИМ-нің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты;
- Орталық-Азия Университеті.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2013ж. қаңтарынан 2015ж. қыркүйегіне дейін – «Самұрық Қазына» ұлттық әлауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры;
- 2015 жылғы қыркүйектен – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.



**Жауымбаев
Қанат
Сағындықұлы**

**«ҚАЗАГРО» ҰБХ» АҚ БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОРЫ – ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ,
«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЖАЛҒЫЗ
АКЦИОНЕРІНІҢ ӨКІЛІ**

- 1981 жылғы 24 қыркүйекте туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі - иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі - жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі - жоқ.

Білімі:

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Магистратурасы;
- Актуалды білім беру институты (Болашақ).

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2012 ж. қарашадан - қазіргі уақытқа дейін - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.



**Құрманов
Рүстем
Жомартұлы**

**ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР – ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ДК
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР, КАДРЛАР
МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ
КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

- 1981 жылғы 17 шілдеде туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті;
- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің сырттай аспирантурасы.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2009 ж. – 2014 ж. – Қайта өңдеу өнеркәсібін және агроазық-түлік нарықтарын дамыту департаментінің басқарма бастығы, Қайта өңдеу өнеркәсібін және агроазық-түлік нарықтарын дамыту департаменті, Инвестициялық саясат департаменті директорының м.а., ҚР АШМ Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы;
- 2015 ж. ақпаннан – қазіргі уақытқа дейін – АӨК Комитеті Хатшылығының басшысы, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.



**Орынбаев
Ерлан
Бақытұлы**

**ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР – ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ДК ІШКІ АУДИТ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

- 1982 жылғы 8 мамырда туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- 2005 ж. - Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университеті, Экономика және Менеджмент факультеті.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қараша 2012 ж. - сәуір 2015 ж. - Ішкі аудит қызметінің басшысы, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ;
- Сәуір 2015 ж. - маусым 2016 ж. - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ корпоративтік басқару және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.



**Машабаев
Азат
Еркінұлы**

Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- «Қазақстан-тәжік тікелей инвестициялар қоры» АҚ Тәуелсіз директоры
- «Қазақстан-қырғыз тікелей инвестициялар қоры» АҚ тәуелсіз директоры
- «Сарыарқа» ӘКК ҰК» АҚ тәуелсіз директоры, аудит және стратегия жөніндегі комитет төрағасы

**ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР –
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ,
ДК СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ
ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ
КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

- 1979 жылғы 8 маусымда туған.
- ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университеті (Қазақстан Республикасы, Астана), есеп және аудит факультеті;
- Бремен Мемлекеттік Университеті (ГФР, Бремен), заң факультетінің магистратурасы (LLM);
- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (Қазақстан Республикасы, Алматы), халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық құқық.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қараша 2014 ж. – мамыр 2016 ж. – «Қазпочта» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Мамыр 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан-тәжік тікелей инвестициялар қоры» АҚ тәуелсіз директоры, «Қазақстан-қырғыз тікелей инвестициялар қоры» АҚ тәуелсіз директоры;
- Қазан 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Сарыарқа» ӘКК ҰК» АҚ тәуелсіз директоры, аудит және стратегия жөніндегі комитет төрағасы;
- Мамыр 2016 ж. – қараша 2016 ж. – «EASTCOMTRANS» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары;
- Қараша 2016 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Қазпочта» АҚ Сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі КОМИТЕТ



**Машабаев
Азат
Еркінұлы**

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ

Комитет төрағасының алғы сөзі


Сіздерге Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің атынан шын жүректен сәлем жолдаймын. Есепті жыл «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін өте жемісті болды деп сенімділікпен айтуға болады. Комитет көзбе-көз тәртіпте 11 отырыс өткізді, ол отырыстарда 135 мәселе қаралды.

Қоғамның міндеттерді, сондай-ақ Қоғамның Даму стратегиясының он сегіз қызметтің түйінді көрсеткіштерінің он төртін орындау, әлемдік экономикадағы дағдарыстық құбылыстарға байланысты тәуекелдерді барынша азайту, 44,9 млрд. теңге шамасында қарыз қаражаттарын тарту бойынша жоспарлары іске асты.

2017 жылы біздің күш-жігеріміз «ҚазАгроҚаржы» АҚ инвестициялық тартымдылығын арттыруға және түйінді басымдықтарын іске асыруға бағытталатын болады.

**Құрметпен,
Стратегиялық жоспарлау
және тәуекелдер жөніндегі
комитеттің төрағасы
Машабаев Азат Еркінұлы**

КОМИТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ



Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 19.08.2016ж. № 9 көзбе-көз отырысының шешімімен бекітілді. Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан тұрады, аталмыш Комитеттегі сарапшылар Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің міндетіне стратегиялық жоспарлау, инвестициялық және инновациялық қызмет, ішкі бақылау және тәуекелдерді

басқару, есептілік, қызметті бағалау мәселелерін және т.б. мәселелерді алдын ала қарап, қаралу нәтижелері бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Комитет мүшелері:

- Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
- Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі;
- Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

Ішкі аудит жөніндегі комитет



**Орынбаев
Ерлан
Бақытұлы**

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ

Комитет төрағасының алғы сөзі


2016 жылдың қорытындысы бойынша Комитет көзбе-көз тәртіпте 10 мәжіліс өткізді, бұл отырыстарда сыртқы және ішкі аудитті ұйымдастыруға байланысты 41 мәселе қаралды.

Өзімізге жүктелген міндеттердің маңыздылығын сезіне отырып, сыртқы және ішкі аудит функцияларының тиімділігін арттыруға бағытталған шараларға ерекше маңыздылық пен басымдық беруге тырысамыз.

Осы уақыт ішінде едәуір прогреске жеттік деп ойлаймын, дегенмен қалаулы биіктіктерге жету үшін алда әлі де болса процестердің тиімділігімен және бақылау құралдарымен атқарылатын белгілі бір жұмыстар тұр.

**Құрметпен,
Ішкі аудит жөніндегі
комитеттің төрағасы
Орынбаев Ерлан Бақытұлы**

КОМИТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ішкі аудит жөніндегі комитет құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 19.08.2016 жылғы № 9 көзбе-көз отырысының шешімімен бекітілді. Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан тұрады, аталмыш Комитеттегі сарапшылар Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері болып табылады.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің міндетіне қаржылық есептілік, сыртқы аудит, ішкі аудит, заңнаманы сақтау, есептілік және қызметті бағалау мәселелерін және т.б. мәселелерді

алдын ала қарастырып, қарастыру нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру жатады.

Комитет мүшелері:

- Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
- Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі;
- Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитет



**Құрманов
Рүстем
Жомартұлы**

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ


Комитет төрағасының алғы сөзі

2016 жылы Комитет 9 көзбе-көз отырыс өткізді, онда қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, сабақтастықты жоспарлауға және өзге де әлеуметтік жағдайларды шешуге бағытталған 29 мәселе қаралды.

2016 жылғы бірлесіп салған күшіміз, Комитет мүшелерінің елеулі тәжірибесі ескеріле отырып, өзімізге сеніп жүктелген жұмыс аумағында ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес тиімді де сапалы жұмысқа қажетті негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді деп санаймын.

*Құрметпен,
Әлеуметтік мәселелер,
кадрлар мен сыйақылар
жөніндегі комитеттің төрағасы
Құрманов Рүстем Жомартұлы*

КОМИТЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ



Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 19.08.2016 № 9 көзбе-көз отырысының шешімімен бекітілген. Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан тұрады, аталмыш Комитеттегі сарапшылар Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері болып табылады.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің міндетіне біліктілік талаптары, үміткерлерді бағалау, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау,

сыйақы жүйесі мәселелерін және басқа да мәселелерді алдын ала қарастырып, қарастыру нәтижесі бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру жатады.

Комитет мүшелері:

- Құрманов Рүстем Жомартұлы, тәуелсіз директор – комитет төрағасы;
- Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі;
- Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор – комитет мүшесі.

Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің жұмысы

2016 жылы Директорлар кеңесінің небары 14 отырысы өткізілді, онда 189 мәселе қаралды.

Отырыстардың бәрі көзбе-көз тәртіпте өткізілген.

Атауы	2016 жылғы отырыстардың саны	Қаралған мәселелердің саны
Директорлар кеңесі	14	189
Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет	11	135
Ішкі аудит жөніндегі комитет	10	41
Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитет	9	29


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

Мухамедиева А.С.	Избагин Қ.Т.	Жауымбаев Қ.С.	Құрманов Р.Ж.	Орынбаев Е.Б.	Машабаев А.Е.
14 отырыстың 14-не қатысты	14 отырыстың 14-не қатысты	14 отырыстың 12-не қатысты	14 отырыстың 13-не қатысты	14 отырыстың 14-не қатысты	9 отырыстың 6-на қатысты

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Атауы	Орынбаев Е.Б.	Құрманов Р.Ж.	Машабаев А.Е.
Аудит жөніндегі комитет	10 отырыстың 10-на қатысты	10 отырыстың 9-на қатысты	5 отырыстың 2-не қатысты
Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет	11 отырыстың 11-не қатысты	10 отырыстың 9-на қатысты	6 отырыстың 2-не қатысты
Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитет	9 отырыстың 9-на қатысты	9 отырыстың 8-не қатысты	4 отырыстың 2-не қатысты

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ШЕШІМДЕРДІҢ ҚАБЫЛДАНУ ПРОЦЕСІ



2016 жылдың қорытындысы бойынша «Қаз-АгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесімен келесі негізгі шешімдер қабылданды:

1. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына келесі мәселелер шығарылды:
 - 2015 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы;
 - 2015 жылғы таза табысты бөлу тәртібін айқындау туралы;
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ жай акциялары бойынша 2015 жылға дивиденд төлеу немесе төлемеу туралы және дивиденд мөлшері туралы;
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2015 жылғы Жылдық есебін бекіту туралы;
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2015 жылғы Даму стратегиясын орындау бойынша есеп бекітілді;
3. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2015 жылғы Даму жоспарын орындау бойынша есептер мен 2016 жылғы тоқсан сайынғы есептері бекітілді;
4. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2015 жылғы Бюджетін орындау бойынша есеп бекітілді;
5. Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы (тоқсандық, жылдық) есептер назарға алынды;
6. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2011-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясына енгізілген өзгертулер бекітілді.
7. «ҚазАгроҚаржы» АҚ түзету жасалған 2016-2020 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді;
8. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылға арналған Бюджеті бекітілді.
9. 2016-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;
10. Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есепке Түзету іс-қимылдарының жоспары бекітілді;
11. «ҚазАгроҚаржы» АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегінде жалпы сомасы 38 350 000 000 теңгеге облигациялардың бірінші және екінші шығарылымын жүзеге асыру туралы шешімдер қабылданды;
12. 2016 жылға «ҚазАгроҚаржы» АҚ қарыз алу сыйымдылығы мен қаржылық орнықтылығының көрсеткіштеріне арналған нормативтер бекітілді;
13. Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылға ұзартылды;
14. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалпы қаржыландыру талаптары бекітілді;
15. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, оларға сыйлықақы беру және оларды әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы ереже бекітілді;
16. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат бекітілді;
17. Қызметі туралы ақпаратты ашу мен коммерциялық және қызметтік құпиялардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету ережесі бекітілді;
18. Инсайдерлік ақпаратты иемдену мен пайдалануды ішкі бақылау ережесі бекітілді;
19. Ішкі аудит қызметінің стратегиялық жоспарын құру әдістемесі бекітілді.

Қызметті бағалау және Директорлар кеңесінің сыйақысы

Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау

Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады.

2016 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жұмысын Директорлар кеңесі өз

бетінше Қоғамның ішкі нормативтік базасын бағалау, Директорлар кеңесінің мүшелерін сауалнамалау және Қоғамның мүдделі қызметкерлерімен сұхбаттасу арқылы «Қаз-Агро» ҰБХ» АҚ әзірлеген бекітілген әдістемеге сәйкес жүргізген.

Қоғамда өз жұмысына өзіндік бағалау жүргізу корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесін қолданудың озық үлгісі болып табылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫНА БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЫНАДАЙ



Директорлар кеңесі, жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша, тұтас Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмысы дұрыс қалыптасу жолында тұр және атқаратын қызметін үнемі жақсартып отыруға барынша тырысады деген қорытындыға келді. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіпқойлығы жоғары деңгейде бағаланған, біліктілігі қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай келеді. Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттердің жұмысы тиімді және Директорлар кеңесінің өз жұмысын жеңілдетеді.

Сонымен бірге, бағалаудың қорытындысы бойынша, Қоғам қызметін одан әрі дамыту бойынша бағыттар анықталған, атап айтқанда Директорлар кеңесінің келесі мәселелерге белсене қатысуы:

- қоғамның Даму стратегиясын өзекті ету және Басқарма мүшелерінің жұмысын бағалау;
- тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру;
- қоғамның ішкі аудитін жетілдіру;
- жалғыз акционермен өзара әрекеттестікті ұйымдастыруды жетілдіру.

Директорлар кеңесінің сыйақысы

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі, осы ереженің шеңберінде сыйақының тек Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына ғана төленуі анықталған.

Сыйақының негізгі компоненттері Жалғыз акционердің шешімімен айқындалатын тиянақталған сыйақы (тұрақты шама) және Директорлар кеңесінің Комитеттеріндегі мүшелікке және төрағалыққа байланысты қосымша сыйақы (ауыспалы шама) болып табылады. Тәуелсіз директор өткізілген барлық Директорлар кеңесінің көзбе-көз және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді.

2016 жылға тәуелсіз директорларға сыйақының төленуі Қоғамның Жалғыз акционерінің аталған шешіміне сәйкес жүзеге асырылған. Жалпы сыйақы мөлшері 2 227 500,0 теңге құрады.

«Аманкелді» жобасынан фотосурет ЖШС (ОҚО)



Басқарма

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, Қоғам Басқармасының құрамында 5 адам бар, оның ішінде Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма Төрағасының екі орынбасары және басқарушы директор.

Басқарма құрамы (1.01.2017 ж.)



**Избастин
Қаныш
Теміртайұлы**

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



**Сейтқасымова
Айнұр
Ғабдығапарқызы**

БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ –
БАСҚАРМА МҮШЕСІ



**Карагойшин
Рустам
Тимурұлы**

БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ –
БАСҚАРМА МҮШЕСІ



**Тұрсынқұлов
Қанат
Исмағұлы**

БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ –
БАСҚАРМА МҮШЕСІ



**Джувашев
Асылхан
Болатұлы**

БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОР –
БАСҚАРМА МҮШЕСІ



**Избастин
Қаныш
Теміртайұлы**

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

- 1981 жылғы 20 сәуірде туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Ресейдің ИМ-нің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты;
- Орталық-Азия Университеті.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2013ж. қаңтардан 2015ж. қыркүйекке дейін – «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры;
- 2015 жылғы қыркүйектен – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.



**Сейтқасымова
Айнұр
Ғабдығапарқызы**

Орындайтын функциялары:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржы-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржыландыру тарту мәселелері, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелері салаларындағы қызметін үйлестіруді, сондай-ақ қаржы мен экономика мәселелері бөлігінде филиалдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ**

- 1976 жылғы 16 қыркүйекте туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Қарағанды Мемлекеттік Университеті, «Қаржы және Кредит» мамандығы бойынша, біліктілігі: «Экономист»;
- Жоғары менеджмент мектебі, Мемлекеттік университет Жоғары экономика мектебі, Мәскеу қ., MBA дәрежесі, «Қаржы және Кредит» мамандығы, біліктілігі: «Іскерлік әкімшілендіру шебері»;
- Экономика ғылымдарының кандидаты.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Қазан 2013 ж. – шілде 2014 ж. – «Самұрық Қазына» ҰАҚ» АҚ бизнесті дамыту жөніндегі бас директорының орынбасары, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі;
- Маусым 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары.



**Карагойшин
Рустам
Тимуірұлы**

Орындайтын функциялары:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік-лизингтік мәселелері, жалпы инвестициялық жобаларды іске асыру, стратегиялық және корпоративтік даму, аналитикалық жұмыстар, сондай-ақ бизнес-процестердің әдіснамасы мәселелері бөлігіндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

- 1983 жылғы 06 қыркүйекте туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Халықаралық Бизнес Академиясы (IAB);
- Қазақстан Менеджмент Институты, Экономика және Болжау (KIMEP).

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2013 ж. қазаннан – 2015 ж. қарашаға дейін – «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Бас директоры;
- 2015 жылғы қарашадан бастап – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



**Тұрсынқұлов
Қанат
Исмағұлы**

Орындайтын функциялары:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қарыздарды әкімшілендіру мен кепілдікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін тікелей үйлестіруді жүзеге асырады лизинг заттарының мониторингімен.

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

- 1973 жылғы 10 қыркүйекте туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Тамыз 2010 ж. – шілде 2013 ж. «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.;
- Шілде 2013 ж. – желтоқсан 2013 ж. – «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарушы директоры;
- Желтоқсан 2013 ж. – қаңтар 2015 ж. – «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарушы директоры – аппарат басшысы;
- Қаңтар 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



**Джувашев
Асылхан
Болатұлы**

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОРЫ – БАСҚАРМА МҮШЕСІ**

- 1981 жылғы 31 қаңтарда туған.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын иеленуі – иеленбейді.
- Қазіргі кездегі қосалқы жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі – жоқ.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – жоқ.

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, 2002 ж., экономист.

Соңғы үш жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- Мамыр 2011 ж. – Қараша 2015 ж. – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Қараша 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры.

Орындайтын функциялары:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттік және проблемалық жобаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша қызметін тікелей үйлестіруді жүзеге асырады.

Басқарма жұмысы

2016 жылы Басқарма 37 отырыс өткізді, бәрі де көзбе-көз тәртіпте, әр декада сайынғы мерзімділікпен өткізілген. Бұл отырыстарда барлығы 289 мәселе қаралған.

БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

Избастин Қ.Т.	Сейтқасымова А.Ф.	Қарагойшин Р.Т.	Тұрсынқұлов Қ.И.	Джувашев А.Б.
Қоғам Басқармасының 36 отырысының 33-не қатысты	Қоғам Басқармасының 36 отырысына қатысты	Қоғам Басқармасының 36 отырысының 32-не қатысты	Қоғам Басқармасының 36 отырысының 25-не қатысты	Қоғам Басқармасының 36 отырысының 31-не қатысты

2016 жылы қабылданған негізгі шешімдер

БҰЛ ТІЗБЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР МЕН ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТАТЫН, АЛДЫН АЛА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕРДІ ҚАМТЫМАЙДЫ.

1. «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарының Кредиттік комитеттері үшін өз бетінше шешім қабылдау бойынша лимиттер мен өкілеттіктер белгіленген.
2. Үлкен және шағын кредиттік комитеттердің, оның ішінде филиалдардағы кредиттік комитеттердің сандық және дербес құрамы бекітілген.
3. Беларусь Республикасының Үкіметімен «Қазақстан Республикасында сатып алу үшін лизинг алушыларға Беларусь Республикасында өндірілген тауарларды беру шарттары туралы» шарт жасасу туралы шешім қабылданды. 2015 жылдың қорытындысы бойынша, Стратегияны, Даму жоспарын, Бюджетті орындау жөніндегі есептердің, сондай-ақ 2016 жылғы тоқсан сайынғы есептердің жобалары келісілді.
4. 2016 жылға Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
5. Проблемалық борышпен жұмыс регламенті бекітілді.
6. Жобаларды сүйемелдеу регламенті бекітілді.
7. Жобаларды әкімшілендіру регламенті бекітілді.
8. Филиалдардың қызметін бағалау әдістемесі бекітілді.
9. Тұрақсыздық айыпты төмендету әдістемесі бекітілді.
10. «Беларуста жасалған» бағдарламасы бойынша және «Шебер-лизинг» қызметін көрсету бойынша нұсқаулық бекітілді.
11. Басқарма мүшелері болып табылмайтын басқарушы директорларға, атқарушы директорға, комплаенс-бақылаушыға және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптар бекітілді.

Басқарма сыйақысы

Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы саясаты Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 30 шешімімен бекітілген Жыл бойғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу ережесімен реттелген. Сыйақы жүйесіне **шартсыз** (пайданың болуы, әкімшілік шығыстар бойынша бюджетті артық жұмсаудың болмауы, кредит қоржынының өсуі) және **шартты көрсеткіштер** (Даму стратегиясының ҚТК


орындалуы) кіреді. Бұл ретте, шартсыз көрсеткіштердің ең болмағанда біреуіне қол жетпеген/біреуі бұзылған жағдайда, сыйлықақы төленбейді.

Қоғам 2016 жылдың қорытындысы бойынша барлық шартсыз көрсеткіштерге жеткендіктен, есепті жылдың қорытындысы бойынша ҚТК көрсеткіштеріне сәйкес басшы қызметкерлерге берілетін жалпы сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2017 жылы төленетін болады.

Ішкі бақылау жүйесі

Қоғамда Директорлар кеңесінің 28.12.2016 жылғы №14 шешімімен бекітілген «Қаз-АгроҚаржы» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы

саясатқа негізделген ішкі бақылау жүйесі енгізілген және жұмыс істейді.



Қоғамның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру мақсатында 2017-2018 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесін жетіл-

діру жоспары бекітілген, ол мынадай түйінді іс-шараларды қамтиды:

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру ережесін бекіту	Бақылау іс-шараларын жүргізу жоспарын бекіту	Тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын бекіту	Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	ҚКЗ/ТҚ мақсатында ішкі бақылау ережелерін жетілдіру және өзекті ету
--	--	--	--	---

ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ БЕС ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН:

- Тиімділікті бағалау
- Тұрақты және мерзімді бағалау
- Басқару мен қадағалау
- Ішкі аудит

- Мерзімді тиянақтау және маңызды ақпарат жіберу
- Ақпаратқа кіру рұқсаты
- Ақпарат ағыны

- Саясаттар мен процедуралар
- Іс-әрекеттер ауқымы



- Жалпы атмосфера
- Басшылық стилі
- Өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу
- Басқару тиімділігі
- Бақылау компоненттерінің негізі

- Елеулі тәуекелдерді анықтау
- Бақылау процедураларын анықтау негізін қалыптастыру

Ішкі аудит қызметі

2006 жылдан бері Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесіне функционалды түрде есеп беретін Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Қызметтің жұмысы оның Ережесіне және ІАҚ жұмысын ұйымдастыруда Әдеп кодексін,

сапалы стандарттар мен Халықаралық ішкі аудиторлар институтымен белгіленген, ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын қолдануға негізделген Ішкі аудитті ұйымдастыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2006 Жылдан бері жұмыс істейді

Ішкі аудит қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қызметтің штаттық және нақты саны 4 адамнан тұрған.

Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін Директорлар кеңесі тағайындайды.



Қоғамның стратегиялық мақсаттарына жету бойынша міндеттерді орындауда Директорлар кеңесіне және Басқармаға жәрдемдесу.



Директорлар кеңесіне тәуелсіз және объективті кепілдіктер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін, Қоғамдағы ішкі бақылау мен корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған кеңестер беру.

**Жылдық
аудиторлық жоспар
ДК 09.11.2016 ж.
№12 шешімімен
бекітілген**

Қоғамның Орталық аппаратының 16 құрылымдық бөлімшелері мен 2 Филиалы қамтыла отырып, аудиторлық тексеріс жүргізілді (кредиттік-лизингтік қызмет, кредиттік қоржын мониторингінің аудиті, проблемалық жұмыстармен жұмыс және т.б.).

Жүргізілген тексерістердің нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметімен тиісті ұсыныстар берілді. Қызмет ұсыныстардың орындалуын бақылап отырады және іс-шаралардың барысы туралы Ішкі аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне баяндап отырады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі атқарымдары:

- тәуекелдерді, Қоғамның корпоративтік басқару, операциялық қызметі мен оның ақпараттық жүйелері саласындағы тәуекелдерді ішкі бақылаудың барабарлығы мен тиімділігін бағалау;
- белгіленген тәртіпте тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне бағалау жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының, Қоғамның ішкі құжаттарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдары берген нұсқаулардың, Қоғам органдары шығарған шешімдердің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;
- Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде алдымызға қойылған мақсаттарға

жетуді қамтамасыз ету үшін, Қоғамның бөлімшелері қолданатын шаралардың барабарлығын бағалау.

Қызмет басшысы жүргізілген ішкі аудит нәтижелері туралы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Ішкі аудит жөніндегі комитеттің алдында жүйелі түрде есеп беріп отырады. Ішкі аудит жөніндегі комитет ішкі аудиторлық тексерістердің тиімділігін Қызмет басшысымен талқылайды.

Сонымен бірге, Қоғамда Қоғам Қызметінің Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы жұмыс істейді, соған сәйкес 2016 жылдың ішінде Қызмет туралы ережеге, кәсіби стандарттарға, Кәсіби әдеп кодексіне сәйкестігіне, сондай-ақ Қоғамның басты тұлғаларының әр түрлі топтарының мүдделеріне сәйкестігі тұрғысынан ішкі аудиттің нәтижелілігі мен тиімділігі мәніне Қызметтің жұмысына ағымдағы және кезеңдік шолу (бағалау) жүргізіліп отырды.

«Ақтық» агрофирмасы» АҚ жобасынан фотосурет (Ақмола облысы)



Акционерлік капитал құрылымы

31.12.2016 ж. жағдай бойынша Қоғамның сатып алынған және оның еншілес ұйымдарының меншігіндегі акциялардың саны:

- Жай акциялар - жоқ;
- Артықшылықты акциялар - жоқ.
- Қоғамның жай акцияларының атаулы құны - бір акцияға 1 000 теңге.

Есепті кезеңде акцияларды орналастыру жүзеге асырылмаған. Орналастырылған акциялар санының 5 және одан да көп пайызына ие акционерлердің құрамында өзгерістер болған емес. Есепті кезеңде акцияларды бастапқы орналастыру бойынша мәмілелер жүргізілген емес.

1 000

ТЕҢГЕ 1 жай акцияның атаулы құны

1 000

ТЕҢГЕ 1 акцияны орналастыру бағасы

82 837 204

Жарияланған жай акциялардың саны

82 837 204

Орналастырылған жай акциялардың саны

82 837 204 000

ТЕҢГЕ Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражаттарының сомасы

ақшамен

Эмитенттің акцияларына ақы төлеу тәсілі

Дивидендтер


Дивиденд төлеу мақсаттарына, қағидаттарына, мөлшеріне, нысанына, мерзімі мен тәртібіне қатысты «ҚазАгроҚаржы» АҚ саясаты Жалғыз акционер – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 20.06.2012 ж. № 35 шешімімен бекітілген Дивидендтік саясат туралы ережеде айқындалған.

Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Жалғыз акционер оны төлеу шарттарын негізге алады, сондай-ақ есепті қаржы жылында алынған табыстың мөлшері мен Қоғам қызметін дамыту қажеттілігін ескереді.

ҚОҒАМНЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ



Қоғам Басқармасының жоспарланған таза кіріспен дивидендтерге қол жеткізу уәждемесін қамтамасыз ету



Қоғамның дивидендтік саясатын қалыптастыруға деген негізгі қағидаттармен тәсілдемелерге сәйкес орташа мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясатты әзірлеу



Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және ең үздік корпоративтік басқару тәжірибесімен көзделген Жалғыз акционердің құқықтарын қатаң сақтау



Жалғыз акционердің мүдделерін есепке алу және оның активтерін барынша көбейту



Дивидендтік төлемақы мөлшерін анықтау кезінде Қоғам мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі



Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау

СОҒЫ 3 ЖЫЛДАҒЫ ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

АТАУЫ	2014 (2013 жылда)	2015 (2014 жылда)	2016* (2015 жылда)
жыл ішінде жарияланған дивидендтер, мың теңге	2 705 114	2 855 932	-
жыл ішінде төленген дивидендтер, мың теңге	2 705 114	2 855 932	-

* 2015 жылы ұлттық валютаның құнсыздануына байланысты теріс қаржылық нәтиже алынғандықтан, 2015 жыл бойынша дивидендтің төленуі жүзеге асырылмаған.



7.

Тәуекелдерді басқару

Инвестициялар
арқылы даму:

РЕПРОДУКТОР



**ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**



32,1 млрд теңге
сомасына
99 асыл тұқымды
репродуктор
құрылды



48 403

бас асыл тұқымды ірі
қара мал әкелінді



Еліміздегі жалпы асыл
тұқымды мал басының

10,1%

КАФ жобаларының үлесі



Негізінен ең бейімделгіш ІҚМ
тұқымдары әкелінеді:

ангус және геррефорд

тұқымдары

БІЗДЕ НЫСАНДАНДЫРЫЛҒАН, ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ӘЗІРЛЕНГЕН ТӘУЕКЕЛ-ДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, ОЛ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ДӘЛ СӘЙКЕСТЕНДІРІЛУІН, ТИІМДІ БАСҚАРЫЛУЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГТЕЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҒЫМСЫЗ ФАКТОРЛАРДЫҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН ШЕКТЕУ АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ-ТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.


Қоғамдағы тәуекелдердің басқарылуы тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдар, уәкілетті органдар, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері жұмылдырыла отырып жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары болып табылатындар:

- акционерлік капитал құру және оның құнын қорғау;

- жүйелілік, құрылымданғандық және уақыттылығы;
- ақпараттылық;
- тұрлаусыздықпен жұмыс;
- бейімділік;
- ашықтық және кешенділік;
- жауап қайтару және итеративтілік;
- тұрақты жетілдіру;

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНДАР



Сөйтіп, Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесі – бірыңғай процеске біріккен өзара байланысты компоненттердің жиынтығы, оның шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғам басшылығы мен қызметкерлері өз деңгейінде Қоғамның қызметіне әсерін тигізе алатын ықтимал жағымсыз оқиғалар мен мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады.

Сонымен қатар, Қоғамда тәуекелдерді тұрақты түрде сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару шараларын жасап шығару жұмыстары жүзеге асырылады. Қоғам өз қызметін санаттар бойынша (стратегиялық тәуекелдер, кредиттік тәуекелдер, қаржы тәуекелдері, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер) бөлінген, бизнеске байланысты тәуекелдердің кең ауқымын ескере отырып жүзеге асырады.

Төменде Қоғам 2016 жылы ұшыраған елеулі тәуекелдер берілген:

Кредиттік тәуекел қарыз алушымен немесе қаржы құралдарымен мәміле бойынша тараппен шарттық міндеттемелердің орындалмау тәуекелін білдіреді. Кредиттік тәуекел Қоғам қызметіндегі негізгі тәуекел түрлерінің бірі болып табылады. Қоғамның қызметі агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыруға бағдарланғандықтан, аталмыш тәуекел түрі салалық тәуекелдерді, оның ішінде табиғи-климаттық жағдайлардың маусымдық тәуекелдерін, дүниежүзілік азық-түлік нарығы жағдаятының өзгеру тәуекелдерін іске асыру арқылы да байқалуы мүмкін. Кредиттік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Қоғам 2016 жылы қоржынды әртараптандыру, азық-түліктер мен салалардың қиындысында лимит белгілеу, кеңейтілген қаржы мониторингін жүргізу бойынша іс-шараларды жүргізді.

Өтімділікті жоғалту тәуекелі – бұл Қоғамның әдеттегі және күтпеген жағдайларда өтелу мерзімі басталған кезде өзінің төлем-ақы төлеу міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, Қоғам 2016 жылы қаржыландыру көздеріне әртараптандыру, жұмыс істемейтіндердің, қайтарымысыз активтердің көлемін төмендету мақсатында теңгерім құрылымын оңтайландыру жұмыстарын жүргізді, бридж-қаржыландыру тарту мәселесі пысықталды.

Валюталық тәуекел кредиттік келісімдер бойынша және серіктестермен жасалған келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде туындайды. Кірістер ұлттық валютада номинациялануына байланысты, Қоғам үшін бұл тәуекел елеулі тәуекелге айналуда, ал борыштық міндеттемелердің бір бөлігі шетелдік валюталарда (доллар, евро) ұсынылған. Айырбас бағамының ауытқуларына тәуелділікті барынша азайту мақсатында, Қоғам валюталық жайғасым мониторингін жүзеге асырады, әр валюта бойынша валюталық жайғасымға лимит белгілейді, валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыруды жүзеге асырады.


2016 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту бойынша салынған күш дағдарыс жағдайларында тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін ұлғайтуға және аса тиімді нәтижелерді қамтамасыз етуге қабілетті әсер ету шараларының кешенін әзірлеуге бағытталған. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі шеңберінде Қоғамның барлық құрылымдық бірліктерінің мейлінше көп өзара әрекет жасасу синергиясын алу мақсатында, ықтимал тәуекелдерге қарсы іс-қимыл бойынша қорғаныс желісін құру жұмысы белсенді түрде жүргізілуде. Нәтижесінде тәуекелдерді басқару жүйесі ISO 31000:2009, COSO, FERMA сияқты тәуекелдерді басқарудың дүниежүзілік стандарттарына ауысу процесінде тұр.

Сонымен бірге, 2017 жылы тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы тәуекел-менед-

7. Тәуекелдерді басқару

жменгі бойынша регламенттерді одан әрі жетілдіру есебінен қамтамасыз етілетін болады, атап айтқанда, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік стандартын бекіту, тәуекелдерді басқару саясатын өзектендіру, тәуекел-

дерді басқарудың корпоративтік жүйесін ұзақ мерзімді дамыту стратегиясын анықтау жұмыстары жоспарланған. Соның нәтижесінде Қоғам тәуекелдерін басқарудың ұйымдастырылуы келесідей құрылымға айналады:



Сөйтіп, Қоғам тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту қазіргі заманғы талаптарға және екпінді өзгеріп жатқан қазіргі

заманның сын-тегеуріндеріне жауап беретін тәуекелдерді басқарудың сапалы корпоративтік жүйесін құруға бағытталатын болады.

«Ақмола-Феникс» ЖШС жобасынан фотосурет
(Ақмола облысы)





8.

Тұрақты даму

Инвестициялар арқылы даму:

КӨКӨНІС ҚОЙМАЛАРЫ



» **ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НӘТИЖЕЛЕРІ:**

» **16,5** млн
теңгеге
43 инвестжоба
пайдалануға берілді



Жалпы қуаты жылына
171,8 мың
тонна
көкөніс
дақылы



6,4%
Картопты жалпы тұтыну
көлеміндегі қаржыландырылған
жобалардың үлесі



Елімізде қосымша
998 жұмыс
орыны
құрылды

КАДРЛЫҚ ҚҰРАМ – БҰЛ БІЗДІҢ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ АКТИВИ, СОНДЫҚТАН БІЗ, БІРІНШІДЕН, ҰЖЫМЫМЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗ ДЕ ЖАЙЛЫ ЖҰМЫСЫНА ҚАЖЕТТІ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАСАУҒА ТЫРЫСАМЫЗ. СОНЫМЕН БІРГЕ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ БАРЫНША ҚОРҒАЙТЫН ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАНЫН ҚОШЕМЕТТЕЙМІЗ, СОНДАЙ-АҚ ӘР ТҮРЛІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСАМЫЗ.

Кадр саясаты және әлеуметтік саясат

Тиімді ұйымдық құрылымы мен оңтайлы кадр саясатының бар болуы кадр саясатын іске асырудың негізі болып табылады. Қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейі олардың бойындағы білімі мен білігін жүйелі жетілдіру арқылы қызметкерлерді үнемі оқыту мен олардың біліктілігін арттыру жүйесінде қуатталады және дамиды.

Адами капитал деңгейін бағалау үшін, Қоғамда түзетілген даму стратегиясында

«Адами капитал индексі» деп аталатын жаңа қызметтің түйінді көрсеткіші белгіленген болатын (толық ақпарат 21, 61 бетте).

Қоғамда тұрақты негізде командада жұмыс тиімділігін құру мен арттыру үшін ең жақсы құралдардың бірі болып табылатын тимбилдингтер өткізіліп тұрады. Қоғам 2016 жылы қаржыландырылған кәсіпорындардың бірі – Родина агрофирмасында тимбилдинг өткізген болатын.

ҚазАгроҚаржының тимбилдингінен фотосурет (мамыр 2016 жыл)



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау «ҚазАгроҚаржы» АҚ басым құндылықтарының бірі болып табылады және Қоғамның бизнес-жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қаралады.

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жарақаттанудың алдын алу, қызметкер-

лердің еңбек жағдайларын жақсарту, зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту, жұмыс орындарында тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді төмендету, кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында Қоғам саясатының негізгі бағыттары болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздік саясаты

Бекітілген «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес, келесідей бағыттар анықталған:

1. **Физикалық қауіпсіздік** бақыланатын үй-жайларда және Қоғам ғимаратының барлық периметрі бойынша бейнабақылау енгізіле отырып, мамандандырылған ұйымдардың тәулік бойғы бақылауымен қамтамасыз етіледі. Жұмысқа қабылдану кезінде қызметкер өзінің қызметінде Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарының сақталуы туралы және құпия мәліметтердің жайылып кетуін болдырмау туралы хабардар етіледі;
2. **Ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық жасақтаманың қауіпсіздігі** төмендегілер сияқты жан-жақты іс-шаралар есебінен жүзеге асырылады:
 - Бүкіл ақпаратты өңдеу құралдарында үздіксіз мониторинг жүргізе отырып, бағдарламалық жасақтаманы вирусқа қарсы қорғау;
 - Бағдарламалық жасақтама аудитін қамтамасыз ету және лог-файлдар талдауын жүргізу;
 - Дерекқорды ұдайы мұрағаттандыру;
 - Қоғамда қолданылатын бағдарламалық өнімдер бизнес-процестерді үздіксіз сүйемелдеу мен оңтайландыру бойынша шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Кредиттік-лизингтік қызметте бағдарламалық жасақтамаға Қоғамның тәуекелдерін анықтау бойынша жаңа алгоритмдер енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қоршаған ортаны қорғау

«ҚазАгроҚаржы» АҚ еліміздің ауыл шаруашылығына қоршаған орта мен адам денсаулығын қорғайтын «жасыл технологияларды енгізу мен дамытуға белсенді түрде жәрдемдеседі, табиғи ресурстарды күтіп-ұстауға жағдай жасайды, өндіріс тиімділігін, яғни шығарылатын өнімнің бәсекеге жарамдығын арттырады.

Қазіргі кезде кейбір қаржыландырылған жобаларда суды тазалаудың бірегей жүйесі – кері осмос жүйесі, қайтарымды дренаж жүйесі, қи мен саңғырықты қайта өңдеуге, жайылымдарды суландыруға арналған биокешендер, сондай-ақ баламалы энергия көздері (жел генераторлары мен күн батареялары) сияқты «жасыл технологиялар» қолданылады.

Демеушілік және қайырымдылық

«ҚазАгроҚаржы» АҚ халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобын қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді

қатысушысы болып табылады. 7 жылдан астап уақыттан бері Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Урюпинка селосындағы жетім және



8. Тұрақты даму

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған қамқорлықтағы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне мерекелік күндерге орай сыйлықтар дайындап, демалыс кезінде олардың бос уақыттарын ұйымдастыра отырып, демеушілік көмек көрсетіп келеміз.

Биыл Қоғам қызметкерлері балалар үйінің басшылығымен бірлесе отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ кеңсесінің холында балалардың өз қолдарымен жасалған бұйымдардың кішігірім жәрмеңкесін ұйымдастырды. Өте сапалы да кәсіби түрде қолдан жасалған барлық бұйымдар небары жарты сағаттың ішінде Қоғам қызметкерлерімен сатылып алынған. Өз еңбектерімен тапқан ақшаға балаларға жаңа үлкен телевизор сатып алынды.

Сонымен бірге, Ұлы Жеңістің 71-жылдығының құрметіне «ҚазАгроҚаржы» АҚ ұжымы «Ардагерлерге деген жылулықпен және тағзыммен» тақырыбына қайырымдылық акциясын өткізді. Қоғам қызметкерлерінің бірлескен күшімен қаражат жиналып, елордада тұратын құрметті Ардагерлеріміз үшін «жылы сыйлықтардан» (жамылғылар мен төсек жабдығының жинағынан) тұра-

тын 34 сыйлық, сондай-ақ бүкіл ел бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарының қызметкерлері тарапынан қосымша сыйлықтар дайындалды. Жеңіс күніне орай дайындалған символикалық сыйлықтар – бұл, біріншіден, Ұлы Отан Соғысында Отанымызды жау басқыншыларынан қорғап қалған адамдарға деген құрмет көрсету белгісі.

ҚазАгроҚаржы қызметкерлерінің ардагерлерді құттықтау кезіндегі фотосуреті



Қаржылық есептілік

2016 жыл бойынша

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	22.989.891	23.874.332
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	662.881	2.549.777
Туынды қаржы активтері	7	829.066	1.734.567
Клиенттерге берілетін несиелер	8	54.841.601	59.739.798
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	9	197.402.364	179.633.484
Сатуға арналған активтер	10	-	508.034
Қаржылық жалға арналған мүлік	11	5.292.406	7.594.407
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	18	894.899	626.732
Негізгі құралдар	12	1.010.749	1.078.038
Материалдық емес активтер		216.334	227.695
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	13	1.874.026	1.554.151
Берілген аванстар	14	284.744	5.996.446
Басқа да активтер	20	484.261	180.819
Активтер жиыны		286.783.222	285.298.280

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	15	85.638.633	104.286.082
Несиелік ұйымдардың қаражаты	16	39.556.372	30.424.302
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	46.841.139	38.624.394
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	18	2.133.275	2.460.648
Алынған аванстар	19	2.502.225	4.760.927
Қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер		2.945.520	2.533.534
Басқа да міндеттемелер	20	7.798.233	6.778.834
Міндеттемелер жиыны		187.415.397	189.868.721
Капитал			
Жарғылық капитал	22	82.837.204	82.837.204
Қосымша төленген капитал	22	23.282.853	22.248.866
Резервтік капитал	22	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві	22	(9.372.015)	(9.047.665)
Бөлінбеген пайда / (жинақталған зиян)		1.183.599	(2.045.030)
Капитал жиыны		99.367.825	95.429.559
Міндеттемелер мен капитал жиыны		286.783.222	285.298.280
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	22	1.196,94	1.149,26

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді

Қаныш Теміртайұлы Изабаев



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Пайыздық кірістер			
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		17.788.390	14.918.315
Клиенттерге берілетін несиелер		5.763.140	6.032.488
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.761.051	822.340
Пайыздық кірістер жиыны		25.312.581	21.773.143
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(6.356.922)	(6.298.616)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(3.500.199)	(2.024.110)
Несиелік ұйымдардың қаражаты		(2.512.193)	(1.782.960)
Пайыздық шығыстар жиыны		(12.369.314)	(10.105.686)
Таза пайыздық кіріс			
Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві	8, 9	(6.187.708)	(4.611.789)
Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервін және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті шегере отырып таза пайыздық кіріс		6.755.559	7.055.668
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер	7	(947.531)	1.280.852
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер		290.810	(10.489.402)
Басқа да кірістер	23	878.302	930.326
Пайыздық емес кірістер		221.581	(8.278.224)
Қызметкерлер құрамының шығыстары	24	(2.380.330)	(2.355.234)
Басқа да операциялық шығыстар	24	(732.470)	(811.297)
Клиенттерге берілген несиелерді қайта құрылымдаудан болған таза зиян	25	(669.237)	(647.866)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	26	(300.170)	(540.540)
Амортизация		(171.086)	(144.888)
Пайыздық емес шығыстар		(4.253.293)	(4.499.825)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда/(зиян)			
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік		(171.086)	(144.888)
Бір жылғы пайда/(зиян)		(4.253.293)	(4.499.825)

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Бір жылғы пайда/(зиян)		3,228,629	(5,576,683)
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны		3,228,629	(5,576,683)

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин



Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЫҚ ТЕҢГЕМЕН

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Бөлінбеген пайда / (жи-нақталған зиян)	Капитал жиыны
2014 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	18.786.572	1.436.184	(7.885.776)	6.387.585	101.561.769
Бір жылғы жиынтық зиян жиыны	-	-	-	-	(5.576.683)	(5.576.683)
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (22-ескертпе)	-	3.462.294	-	-	-	3.462.294
Жарияланған дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	-	(2.855.932)	(2.855.932)
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	-	-	(1.161.889)	-	(1.161.889)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	22.248.866	1.436.184	(9.047.665)	(2.045.030)	95.429.559
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	3.228.629	3.228.629
Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (22-ескертпе)	-	1.033.987	-	-	-	1.033.987
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (22-ескертпе)	-	-	-	(324.350)	-	(324.350)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	23.282.853	1.436.184	(9.372.015)	1.183.599	99.367.825

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избасқин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Тақисшевна Шоданова

Бас бухгалтер

2017 жылғы 18 наурыз



АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП , МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		21.400.923	16.198.885
Төленген пайыздар		(7.556.872)	(3.917.832)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып өткізілген кірістер	7	70.223	15.008
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.339.589)	(2.381.558)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(750.221)	(815.003)
Басқа да түскен кірістер		258.194	923.201
Шетел валюталарымен операциялар бойынша кірістерді шегере отырып жұмсалған шығыстар		(130.688)	(386.220)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары		10.951.970	9.636.481
<i>Операциялық активтердің таза азаюы/(көбеюі)</i>			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.871.187	1.494.180
Туынды қаржы активтері		-	111
Клиенттерге берілетін несиелер		3.026.777	(5.464.672)
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		(12.507.446)	(26.983.980)
Сатуға арналған активтер		-	5.895
Қаржылық жалға арналған мүлік		-	3.756.988
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар		(319.875)	(265.808)
Берілген аванстар		(120.144)	(1.330.499)
Басқа да активтер		(440.736)	(16.072)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)</i>			
Алынған аванстар		299.740	1.339.358
Басқа да міндеттемелер		1.383.809	(3.519.059)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуды)		4.145.282	(21.347.077)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(268.167)	(74.865)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/(жұмсалуды)		3.877.115	(21.421.942)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЫҢ ТЕҢГЕМЕН (ЖАЛҒАСЫ)

	Ескерт.	2016 жыл	2015 жыл
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(93.142)	(192.866)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		1.682	-
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(91.460)	(192.866)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Акционерден қарыздардың түсуі		5.504.093	24.883.416
Акционерден алынған қарыздарды өтеу		(27.007.199)	(18.107.533)
Несиелік ұйымдардан қарыздар алу		26.712.535	6.901.367
Несиелік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу		(17.621.359)	(14.365.824)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	17	8.000.000	19.984.542
Акционерге төленген дивидендтер	22	-	(2.855.932)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатын таза (жұмсау)/ түсімі		(4.411.930)	16.440.036
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		(258.166)	5.523.279
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азануы)/ ұлғаюы		(884.441)	348.507
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	23.874.332	23.525.825
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	22.989.891	23.874.332

Компания Басқармасы атынан шығарма қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастанов

Гүлнар Тақияшевна Шоланова

2017 жылғы 18 наурыз



Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Қосымша ақпарат

Глоссарий

А/Ш	ауыл шаруашылығы
АШТӨ	ауыл шаруашылығының тауар өндірушісі АӨК - агроөнеркәсіптік кешен
АШМ	Ауыл шаруашылығы министрлігі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ДК	Директорлар кеңесі
ЖА	Жалғыз акционер
ІАҚ	ішкі аудит қызметі
ІҚМ	ірі қара мал
ҚАҚ	ҚазАгроҚаржы
КБ	корпоративтік басқару
КДЖ	көктемгі дала жұмыстары
ҚКЗ/ТҚ	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар
ҚТК	қызметтің түйінді көрсеткіші
ҚР Ұлт.қоры	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ТМД	Тәуекел-менеджменті департаменті ТСФ - тауарлы-сүт фермасы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ROA	активтердің рентабельділігі (ағылш. return on assets)
ROE	капиталдың рентабельділігі (ағылш. return on equity)
HR	адам ресурстары (ағылш. human resource)
NPL	бастапқы кредиттік келісім талаптары орындалмайтын кредит (ағылш. Non-performing loan)

Байланыс ақпараты



Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қ., Кенесары көшесі 51, кқ-4

Қабылдау бөлмесі:

+7 (7172) 58-04-37, 58-04-38

Сенім телефоны:

+7 (7172) 58-04-50

Хат-хабарды қабылдау:

+7 (7172) 55-65-33

Факс:

+7 (7172) 58-04-46

Баспасөз қызметі:

+7 (7172) 58-04-11

Тікелей инвестициялар мәселесі бойынша:

+7 (7172) 55-73-40

Акционермен жұмыс бойынша:

+7 (7172) 58-04-51

E-mail:

mailbox@kaf.kz



«Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050060,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы,
77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

Тел.: +7 (727) 258-59-60

Факс: +7 (727) 258-59-61

Қоғамның филиалдары

Ақмола облысы бойынша филиал

Көкшетау қ., Абай көш., 96, каб. 703, 704, 810

Тел.: 8 (7162) 91-00-31, 91-00-32,

e-mail: akm5@kaf.kz

Алматы қ. бойынша филиал

Алматы қ., Бөгенбай батыр көш. 142,

Қайсар БО, 4 қабат

Тел.: 8 (7272) 95-93-50, 95-93-51,

e-mail: credit_alm2@kaf.kz

Алматы облысы бойынша филиал

Талдықорған қ., Абылай хан көш. 125

Тел.: 8 (7282) 55-86-80, 55-86-81,

e-mail: almaty@kaf.kz

Ақтөбе облысы бойынша филиал

Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ. 51/1

Тел.: 8 (7132) 92-11-80, 92-11-81,

e-mail: akt3@kaf.kz

Атырау облысы бойынша филиал

Атырау қ., Сәтпаев көш. 13А, 3 қабат

Тел.: 8 (7122) 93-00-31, 93-00-32,

e-mail: atr@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиал

Өскемен қ., Сәтпаев даңғ., 62

Тел.: 8 (7232) 49-24-77, 49-24-76,

e-mail: vko@kaf.kz

Қостанай облысы бойынша филиал

Қостанай қ., Бауман көш., 1А

Тел.: 8 (7142) 99-97-71, 99-97-72,

e-mail: kst3@kaf.kz

Қызылорда облысы бойынша филиал

Қызылорда қ., Қонаев көш. 33, 2 қабат

Тел.: 8 (7242) 55-13-00, 55-13-02,

e-mail: kzl@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиал

Петропавл қ.,

Бөкетов көшесі 31А

Тел.: 8 (7152) 63-10-30, 63-10-31,

e-mail: sko@kaf.kz

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиал

Шымкент қ., Толстой көшесі 119, 3 қабат

Тел.: 8 (7252) 98-40-10, 98-40-11,

e-mail: uko@kaf.kz

Жамбыл облысы бойынша филиал

Тараз қ., Сүлейменов көш., 17

Тел.: 8 (7262) 99-92-20, 99-92-23,

e-mail: tar@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы бойынша филиал

Орал қ., С. Датов көш., 28

Тел.: 8 (7112) 96-00-30, 96-00-31,

e-mail: zko@kaf.kz

Павлодар облысы бойынша филиал

Павлодар қ., Крупская көш., 71 б

Тел.: 8 (7182) 77-00-66, 77-00-68,

e-mail: pvl@kaf.kz

Қарағанды облысы бойынша филиал

Қарағанды қ., Бұқар Жырау көшесі, 53/1

Тел.: 8 (7212) 92-24-07, 92-24-08,

e-mail: krg@kaf.kz

